Согласно Т.В. Секачевой, ключевыми причинами увольнений в онкологических учреждениях являются не только экономические, но и психологические и организационные факторы. Отсутствие должной поддержки со стороны руководства, а также высокие эмоциональные нагрузки становятся основными причинами для ухода специалистов из медицинских учреждений. Такие исследования подтверждают, что в онкологии особенно важно уделять внимание поддержке персонала, улучшению условий труда и созданию системы поддержки для предотвращения выгорания [4].

*Оптимизация кадровой политики в онкологии.* Исследования оптимизации структуры управления персоналом в онкологических учреждениях подчеркивают, что успешное управление кадрами возможно лишь при условии комплексного подхода, который включает как организационные, так и психологические аспекты. В частности, X. Wu акцентирует внимание на внедрении специальных программ профессиональной адаптации и поддержки для медицинских работников. Эти программы направлены на снижение уровня стресса и профессионального выгорания, а также повышение общей удовлетворенности сотрудников от работы в учреждении [5].

Ряд исследователей, таких как Т.В. Гринько, утверждают, что для эффективной работы в онкологической сфере необходимо интегрировать как традиционные методы управления персоналом, так и современные подходы, связанные с внедрением инновационных технологий. В их исследованиях рассматриваются примеры успешных практик из других стран, где внедрение систем мониторинга и управления, использование цифровых платформ для обучения и дистанционного консультирования позволяет значительно улучшить процессы управления персоналом [6].

*Роль технологий и автоматизации в управлении персоналом.* В последние годы все больше внимания уделяется внедрению технологий в процесс управления медицинским персоналом. Исследования в области цифровизации и автоматизации процессов в здравоохранении, например, работы С.С. Железняков и др., подчеркивают важность использования информационных систем для

отслеживания и анализа работы медицинского персонала. Внедрение таких технологий способствует не только улучшению координации и коммуникации, но и повышению прозрачности управления, а также созданию системы, которая может более точно прогнозировать потребности в кадрах [7]. В этой связи необходимость автоматизации процессов в онкологической службе вызвана тем, что способствует оптимальному распределению ресурсов в результате более быстрой обработки необходимых данных о пациентах, что, в свою очередь, сокращает время медицинского персонала на данный процесс и появлению дополнительного времени на выполнение других обязанностей на более качественном уровне. При этом надо иметь в виду, что переход на автоматизированную обработку данных требует соответствующей подготовки медицинских работников и создания предпосылок для усиления стимулирования к использованию новых технологий.

*Направления и вызовы оптимизации управления сотрудниками в онкологической службе.* В процессе построения более эффективной структуры управления персоналом в такой организации как КазНИИОиР следует учитывать два момента, а именно, опираться на передовой международный опыт, с другой стороны, учитывать особенности казахстанской системы здравоохранения. Поскольку в нашей стране основными вызовами, стоящими перед медицинским обслуживанием, выступают повышение качества оказываемых услуг, снижение текучести кадров и привлечение высококвалифицированных новых медицинских работников, необходимо разработать новые подходы, которые бы сочетали лучшие международные практики и отвечали бы специфическим требованиям отечественной системы здравоохранения.

G. Chen [8], R. Bellingham и др. [9] предлагают внедрение гибких моделей управления, которые ориентированы на удовлетворение потребностей сотрудников, создание безопасных и комфортных условий труда, а также на использование персонализированных подходов к каждому работнику.

Таким образом, литература по теме оптимизации структуры управления персоналом в онкологических учреждениях подчеркивает необходимость комплексного подхода, включающего как организационные изменения, так и внедрение современных технологий. Проблемы оптимизации структуры управления персоналом требуют системного подхода и комплексных изменений, которые будут направлены на улучшение условий труда, повышение эффективности работы сотрудников и улучшение координации внутри коллектива. В условиях стремительно меняющихся требований к системе здравоохранения и растущей потребности в высококвалифицированных кадрах, крайне важна оптимизация внутренних процессов и создание эффективной кадровой политики, способной решать задачи долгосрочного развития медицинской отрасли.

Цель исследования – разработка подходов и инструментов оптимизации структуры управления персоналом в Казахском научно-исследовательском институте онкологии и радиологии (Алматы, Казахстан). В рамках исследования будет рассмотрен текущий процесс управления персоналом в данном

учреждении, выявлены ключевые проблемы и предложены практические рекомендации для повышения эффективности работы и укрепления кадровой базы.

*Материалы и методы.*

Для проведения исследования по оптимизации структуры управления персоналом в КазНИИОиР с целью повышения эффективности и удовлетворенности сотрудников, была выбрана методология, направленная на внедрение инновационных инструментов и подходов в кадровую политику. Исследование опирается на комплексный подход, который включает следующие этапы:

1. Анализ существующей структуры управления персоналом. На первом этапе исследования был проведен анализ текущей организационной структуры управления персоналом в КазНИИОиР. Для этого использовались следующие методы:

– Документальный анализ – изучение существующих внутренних нормативных актов, инструкций и положений, регламентирующих работу с персоналом.

– Интервью с руководителями и специалистами. В рамках исследования были проведены беседы с представителями управленческого звена и профильными специалистами, в том числе с руководителями отделов, HR-менеджерами и сотрудниками различных подразделений. Это позволило глубже понять реальные сложности и проблемы, с которыми сталкиваются как сами работники, так и руководство учреждения.

– Отдельное внимание было уделено анализу кадровой ситуации на основе статистических данных. Изучались численность персонала, уровень профессиональной подготовки, показатели текучести кадров, а также структура распределения сотрудников по различным подразделениям.

2. Формирование стратегии оптимизации управления персоналом. На основе проведённого анализа была разработана комплексная стратегия, направленная на совершенствование кадрового менеджмента в медицинской организации. В рамках данной стратегии были выделены следующие ключевые направления:

– Обновление кадровой политики. Предложены современные подходы к найму сотрудников, включая расширение использования цифровых технологий при подборе и оценке квалификации специалистов. Особое внимание уделено автоматизации рутинных кадровых процессов, чтобы сократить временные затраты и повысить объективность отбора.

– Внедрение современных управленческих инструментов. С целью организации более эффективной деятельности сотрудников необходимо внедрять и использовать новые технологические информационные системы, которые будут способствовать мониторингу качества бизнес-процессов, оптимизации системы управления персоналом и оценке производительности труда.

– Совершенствование механизма мотивационных стимулов и развития карьеры. При этом учитываются как материальные, так и нематериальные стимулы. Основная цель модернизации данной системы заключается в снижении текучести кадров за счет создания предпосылок карьерного роста и активного использования корпоративных ценностей.

### 3. Информатизация и автоматизация системы управления персоналом.

Цифровизация кадрового управления повышает качество данного управленческого процесса. При этом используются инновационные технологии, нацеленные на оптимизацию кадровых процессов.

В первую очередь, внедрение системы электронного документооборота оптимизируют и снижают трудоемкость кадровой работы, обеспечивают доступ к информации в режиме реального времени, способствует экологичности процессов за счет экономии бумажной продукции.

– Использование программных продуктов, учитывающих специфику онкологической службы и позволяющих контролировать качества выполнения функциональных обязанностей персонала.

– Внедрение информационных онлайн продуктов, связанных с повышением квалификации как медицинского, так и управленческого персонала, с выдачей соответствующих профессиональных сертификатов.

### 4. Моделирование и прогнозирование численности персонала в системе кадрового планирования.

Данная информационная технология базируется на оценке тенденций текучести персонала и выявлении дефицита с последующей разработкой и использованием модели планирования привлечения кадров по отдельным направлениям специализации.

Данная модель также позволяет оценить потребность в специалистах, которые необходимы для реализации инновационных лечебных программ, активизации экспериментально-исследовательской деятельности и дифференциации деятельности института.

Данные факторы учитываются при расчете численности персонала, необходимого для реализации стратегии развития учреждения.

### 5. Оценка воздействия проведенных изменений. Для оценки результатов внедрения предложенных изменений в структуру управления персоналом будет проведен комплексный анализ:

– Качественная оценка – интервью с ключевыми работниками, анкетирование сотрудников для получения их мнений о внедренных изменениях.

– Количественная оценка – анализ статистических данных по текучести кадров, уровню удовлетворенности сотрудников, а также оценка изменений в качестве предоставляемых медицинских услуг.

– Сравнительный анализ – сопоставление текущих результатов с базовыми показателями до внедрения изменений.

На основе полученных данных и проведенной оценки будет сформулирован ряд рекомендаций по дальнейшему совершенствованию

структуры управления персоналом, направленных на повышение эффективности работы персонала и улучшение качества обслуживания пациентов.

Методология исследования основывается на системном подходе и применении инновационных решений для оптимизации структуры управления персоналом. Это позволит не только повысить эффективность работы сотрудников КазНИИОиР, но и улучшить качество оказываемой медицинской помощи.

#### *Результаты и обсуждение.*

в ходе исследования, проведенного в КазНИИОиР, был собран и проанализирован ряд данных, касающихся текущей структуры управления персоналом, а также оценен эффект от внедрения предложенных инструментов и методов для улучшения этой структуры. В данном разделе представлены результаты анализа собранных статистических данных и ключевые выводы, полученные в процессе реализации предложенных изменений.

*Автоматизация кадровых процессов:* В КазНИИОиР уже внедрен ряд цифровых инструментов, направленных на оптимизацию кадрового учета и документооборота. В частности, применяется система 1С для автоматизации кадровых процессов. Она используется для формирования электронной версии карточки Т-2, мониторинга движения кадрового состава, учета отпускных дней и периодов отпусков, а также для формирования различных отчетов и анализа данных из базы программы. Система 1С позволяет кадровым специалистам оперативно отслеживать изменения в составе сотрудников, обеспечивать точность учета рабочего времени и минимизировать вероятность ошибок, связанных с человеческим фактором.

Дополнительно введен в эксплуатацию модуль кадрового делопроизводства программы «Салем», который широко применяется в государственных организациях. Упрощение и автоматизация внутренних процессов кадрового делопроизводства стало возможным благодаря внедрению специализированных цифровых решений. Одним из таких инструментов является система «Салем», которая позволяет автоматизировать обработку служебной документации, включая оформление заявлений, приказов и других кадровых документов. Благодаря централизованному хранению информации, существенно снижаются временные затраты на поиск и согласование документов, а процесс управления документооборотом становится более прозрачным и управляемым.

Кроме того, в Институте применяется система управления медицинскими кадрами (СУР), которая интегрирована с национальной платформой «Дамумед». Эта система обеспечивает комплексное ведение данных по кадровому составу – от штатного расписания до информации о квалификации, обучении и прохождении сертификаций. Интеграция с «Дамумед» позволяет синхронизировать данные между подразделениями, что особенно важно для своевременного обновления информации о статусе сотрудников, их профессиональных навыках и уровне подготовки. Это решение способствует

поддержанию актуальности кадровых данных и повышает управляемость персонала в условиях динамичной медицинской среды.

Следует отметить, что в Институте используется платформа *enbek.kz*, возможности которой связаны с формированием кадрового документооборота на электронной основе и способствует созданию единой электронной платформы учета кадров. Преимуществами данного информационного ресурса являются обеспечение транспарентности кадрового управления при взаимодействии с органами государственного регулирования, более рациональному подходу к процессам подачи заявлений на трудоустройство и созданию благоприятных условий труда.

Однако при этом возникает настоятельная необходимость обеспечения интегрированной платформы по различным направлениям кадровой работы. В случае отсутствия такой интеграции у специалистов кадровой службы может возникнуть проблематичная зона в функционале, связанная с риском допущения ошибок в процессах кадрового администрирования, поскольку одни и те же данные нужно будет вносить в несколько разрозненных программ. Данная проблема также усугубляется тем, что в существующем законодательстве присутствует требование, связанное с обязательным наличием документов по кадрам на бумажных носителях. Это значительно увеличивает объем административной работы, снижает эффективность цифровизации и требует дополнительных ресурсов для обработки и хранения документации. Решение данных проблем возможно путем разработки и внедрения единой интегрированной системы кадрового учета, которая обеспечит синхронизацию данных между всеми используемыми платформами и минимизирует необходимость дублирования информации.

1. Анализ текущей структуры управления персоналом. На первом этапе исследования было установлено, что текущая организационная структура управления персоналом в институте характеризуется следующими особенностями:

– Дефицит кадров. Несмотря на высокую потребность в квалифицированных специалистах, особенно в области онкологии и радиологии, наблюдается постоянный дефицит персонала. В частности, в 2022 году, на начало года не хватало около 15% специалистов по ключевым направлениям.

– Высокая текучесть кадров. Анализ показателей текучести кадров свидетельствует о росте нестабильности в персонале учреждения. Так, в 2022 году уровень текучести составил 18%, тогда как уже в 2023 году он увеличился до 22%. Такая динамика указывает на усиливающуюся проблему удержания сотрудников и свидетельствует о высоком уровне увольнений среди персонала.

Статистические данные по текучести кадров в КазНИИОиР за 2022-2023 годы (Таблица 1) демонстрируют тенденцию к ухудшению кадровой ситуации в институте в 2023 году по сравнению с предыдущим годом, что может быть связано с несколькими факторами, включая высокую нагрузку на персонал, недостаточную мотивацию или проблемы с условиями труда.

Таблица 1. Статистика по текучести кадров в КазНИИОиР (2022-2023).

Показатель	2022	2023
Число принятых сотрудников	250	220
Число уволенных сотрудников	45	55
Уровень текучести (в %)	18%	22%
Прогнозируемый дефицит кадров (%)	15%	18%
<i>Примечание: Составлено автором</i>		

2. Внедрение информационных технологий. В рамках второго этапа исследования были внедрены несколько информационных систем для улучшения управления персоналом. Основным инструментом стал комплекс для автоматизации кадрового учета и мониторинга производительности сотрудников. Результаты внедрения информационных технологий показали следующие улучшения:

- Снижение времени на обработку данных. Автоматизация процессов позволила существенно сократить время, затрачиваемое на обработку документов, что освободило ресурсы для более качественной работы с персоналом.

- Повышение точности прогнозирования потребности в кадрах. Программные комплексы для прогнозирования потребности в кадрах дали возможность точно оценить дефицит специалистов и заблаговременно организовать набор персонала.

Таблица 2 отражает результаты внедрения информационных технологий в процессы управления персоналом в КазНИИОиР. Данные представлены до и после внедрения автоматизированных систем и других технологий, направленных на оптимизацию работы с кадрами.

Таблица 2. Влияние внедрения информационных технологий на процессы управления персоналом.

Показатель	До внедрения	После внедрения
Время на обработку кадровых документов (часы)	40	12
Точность прогнозирования кадровой потребности (%)	60	85
Уровень удовлетворенности персонала по данным опроса (%)	65	80
<i>Примечание: Составлено автором</i>		

Анализ показал, что после внедрения информационных технологий время на обработку кадровых документов сократилось с 40 до 12 часов, что говорит о значительном повышении эффективности процессов.

Точность прогнозирования кадровой потребности возросла с 60% до 85%, что позволило существенно улучшить планирование и своевременно восполнять кадровые ресурсы.

Уровень удовлетворенности персонала вырос с 65% до 80%, что свидетельствует о положительном восприятии изменений в кадровом управлении со стороны сотрудников.

Таким образом, применение информационных технологий в системе управления персоналом позволило добиться заметных положительных сдвигов. Существенно улучшились процессы обработки кадровой документации, повысилась точность планирования потребностей в персонале, а также вырос уровень удовлетворенности сотрудников условиями труда. Практический опыт свидетельствует, что проведенная информатизация и автоматизация управленческой деятельности обеспечили повышение эффективности управления персоналом, что в свою очередь, позволило усилить результативность деятельности организации.

### *3. Модернизация кадровой политики и мотивационного механизма.*

В институте в рамках совершенствования системы управления кадрами был реализован процесс модернизации стратегии развития кадров, основное внимание в котором было сделано на усилении мотивации персонала, а именно внедрены мероприятия по усилению вовлеченности персонала и повышению производительности труда. Особо необходимо выделить комплекс мер по внедрению более гибкой системы мотивации, в основе которой лежит сформированная шкала оценки результативности труда, позволившая более правильно распределять соответствующие стимулирующие выплаты. Использование данного подхода показало усиление роли мотивации к повышению трудовой активности кадров. Что касается развития профессиональной карьеры сотрудников, то пересмотр кадровой стратегии в области внедрения системы карьерных траекторий также оказал положительное влияние на повышение уровня удовлетворенности работой.

Как видно из таблицы 3, уровень текучести кадров снизился, а доля сотрудников, заинтересованных в карьерном росте, заметно выросла. Всё это стало основой для устойчивого развития организации и повышения её производственных показателей.

*Таблица 3. Результаты изменений в кадровой политике.*

Показатель	До изменений	После изменений
Уровень текучести кадров (%)	22	14
Уровень удовлетворенности сотрудников (%)	65	80
Число сотрудников, планирующих карьерный рост (%)	30	55

*Примечание: Составлено автором*

Как показано в таблице 4, результаты внедрения новой кадровой политики показали следующие изменения:

– Увеличение уровня удержания сотрудников. После внедрения новой системы мотивации текучесть кадров снизилась на 8%.

– Повышение уровня удовлетворенности сотрудников. Исходя из опросов сотрудников, уровень удовлетворенности увеличился на 15%.

Таблица 4. Влияние прогнозирования потребности в кадрах.

Показатель	До внедрения	После внедрения
Уровень дефицита специалистов (%)	15	8
Точность прогнозирования кадровых потребностей (%)	60	85
Время, затраченное на набор персонала (месяцы)	4	2

Примечание: Составлено автором

4. Прогнозирование потребности в кадрах и улучшение планирования. Для улучшения кадрового планирования была внедрена система прогнозирования потребности в кадрах, которая использует математические модели и анализ текущих и будущих потребностей. Результаты показали следующие изменения:

– Точное определение потребности в специалистах. Благодаря внедрению прогностической модели было значительно улучшено планирование численности кадров, что позволило более эффективно распределять ресурсы.

– Снижение дефицита специалистов. Прогнозирование позволило заблаговременно обнаружить дефицит кадров и предпринять меры по набору новых специалистов.

Внедрение предложенных инструментов и подходов для оптимизации структуры управления персоналом в КазНИИОиР продемонстрировало значительные улучшения в нескольких ключевых областях:

– Снижение текучести кадров. Внедрение гибкой системы мотивации и улучшение условий труда привели к снижению уровня текучести кадров на 8%.

– Повышение уровня удовлетворенности сотрудников. Позитивные изменения в кадровой политике и системы вознаграждений привели к значительному повышению уровня удовлетворенности среди работников.

– Улучшение планирования потребности в кадрах. Прогнозирование кадровых потребностей дало возможность своевременно и более точно реагировать на изменения в численности и квалификации специалистов, что в свою очередь положительно сказалось на общей работе Института.

В итоге, результаты исследования подтвердили, что предложенные методы и инструменты действительно способствуют улучшению управления персоналом в Институте.

Исследование показало, что внедрение цифровых технологий и обновление кадровой политики существенно улучшили управление персоналом в Институте. Автоматизация помогла разгрузить кадровый отдел и повысить точность учета данных, однако необходимость дальнейшей интеграции различных систем остается актуальной.

Анализ показателей текучести выявил рост увольнений, что свидетельствует о существующих проблемах с мотивацией и условиями труда.

Внедрение гибкой системы вознаграждений и построение карьерных траекторий позволили сократить текучесть кадров примерно на 8%, что подтверждает эффективность таких мер.

Применение прогнозных моделей повысило точность оценки кадровых потребностей и помогло уменьшить дефицит специалистов. Тем не менее, для более качественного планирования требуется развитие аналитических инструментов.

В целом полученные результаты доказывают эффективность реализуемых подходов, однако для стабильного развития института важно продолжать совершенствовать цифровые технологии, развивать мотивационные программы и адаптировать прогнозные методы в соответствии с изменяющимися условиями.

#### *Заключение.*

В современных условиях развития системы здравоохранения, связанных в том числе с растущими требованиями, проведенная в КазНИИОиР модернизация системы управления персоналом позволила усилить кадровый потенциал и систему мотивации, и в целом повысить эффективности работы организации. Данные результаты были достигнуты за счет разработки и внедрения передовых инструментов цифровизации и автоматизации управленческой деятельности в области кадрового администрирования. В то же время пока еще остался не до конца решенным ряд вопросов, связанных с созданием и внедрением единой интегрированной платформы и наличием ограничивающих требований законодательства (переход от бумажного документооборота к электронному). Соответственно, в КазНИИОиР существует необходимость дальнейшей оптимизации структуры управления персоналом. Эти вызовы также связаны с дальнейшей разработкой и реализацией комплекса мер по профессиональному карьерному развитию сотрудников, формированию более эффективной системы как материальной, так и нематериальной мотивации, а также снижению трудоемкости, связанной с административной деятельностью медицинского персонала.

Таким образом, повышение эффективности кадрового учета, совершенствование мотивационных программ и улучшение условий труда медицинского персонала являются ключевыми направлениями, способствующими развитию онкологической службы в Казахстане и повышению качества медицинской помощи населению.

### **Литература**

1 Сушанина О.М. Использование анализа работы персонала для оптимизации структуры управления персоналом // Экономика и государство: эффективное управление и взаимодействие. – 2021. – 4(1). – С. 307-311.

2 Кошарная Г.Б. Технологии управления персоналом организации // Университетское образование (МКУО-2015). – 2024. – 7(8) – С. 272-279.

3 Bril A., Kalinina O., Valebnikova O., Valebnikova N., Camastral M., Shustov D., Ostrovskaya N. Improving personnel management by organizational projects: Implications for open innovation // *Journal of Open Innovation: Technology, Market, and Complexity*. – 2021. – 7(2). – P. 105-110.

4 Секачева Т.В. Совершенствование организационной структуры управления персоналом как часть антикризисного управления предпринимательскими субъектами // *Проблемы современной экономики*. – 2020. – 1(3). – С. 343-348.

5 Wu X. Personnel management optimization of university library based on complex network theory // *The 2020 International Conference on Machine Learning and Big Data Analytics for IoT Security and Privacy*. – 2021. – 2(8). – P. 850-856.

6 Гринько Т.В. Оптимизация организационной структуры управления предприятием // *Экономика промышленности*. – 2019. – 1(44). – С. 157-164.

7 Железняков С.С., Трунова Л.В. Управление персоналом организации: совершенствование структуры и оптимизация численности персонала // *Тренды развития современного общества: управленческие, правовые, экономические и социальные аспекты*. – 2021. – 9(2). – С. 81-83.

8 Chen G. Optimization Method of Personnel Management Based on Information Technology // *International Conference on Frontier Computing*. – 2021. – 1(9). – P. 1541-1547. [https://doi.org/10.1007/978-981-16-0115-6\\_177](https://doi.org/10.1007/978-981-16-0115-6_177)

9 Bellingham R., Campanello R.J. HR optimization: from personnel administration to human and organizational capital development // *Human Resource Development*. – 2024.

10 Rajaei, Z., Banihashemi, S.A., & Khalilzadeh, M. (2023). Identifying and Prioritizing Service Compensation Factors Influencing Nurses' Motivation: Application of Hybrid Fuzzy DEMATEL-BWM Method. *Fudan Journal of the Humanities and Social Sciences*, 16(1), 63-88.

11 Papac, N., Pejanović-Škobić, N., & Lesko Bošnjak, L. (2020). Non-material motivation strategies of health sector. *Zbornik radova Ekonomskog fakulteta Sveučilišta u Mostaru*, (26), 165-182.

**ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ**  
**ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ**  
**NATURAL SCIENCE**

ҒТАМР 27.17.00

## **КӨРСЕТКІШТІК ТЕҢДЕУЛЕР МЕН ТЕҢСІЗДІКТЕРДІ ШЕШУ БАРЫСЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖИІ ЖІБЕРЕТІН ҚАТЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТҮЗЕТУ ЖОЛДАРЫ**

**Р. Ибрагимов**

*П.ғ.д., профессор, Ө. Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық  
университеті, Шымкент қ.*

**А.Қ. Әмір**

*Магистрант, Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық  
университеті, Шымкент қ.*

Мақалада көрсеткіштік теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу кезінде оқушылар жиі жіберетін типтік қателер және олардың себептері қарастырылады. Көрсеткіштік функцияның қасиеттерін түсінбеу, теңсіздік белгісін дұрыс анықтамау, айнымалыны ауыстыру әдісіндегі қателер талданады. Бұл қателерді түзету үшін графикалық модельдеу, қателер банкі, сатылы тапсырмалар және проблемалық оқыту сияқты тиімді әдістемелік тәсілдер ұсынылады. Сондай-ақ базалық және бейіндік деңгейлердегі оқу мақсаттары мен оқулықтардағы әдістемелік ерекшеліктер қысқаша сипатталады.

**Түйін сөздер:** көрсеткіштік функциялар, типтік қателер, логикалық бірізділік, әдістемелік түзету жолдары, қолданбалы есептер.

Педагог-психолог және әдіскер ғалымдар М.Я. Пратусевич [1–3], С.М.Никольский, М.К. Потапов, Н.Н. Решетников, А.В. Шевкин [4–6], А.Г.Мордкович [7, 8], П.В. Семенов [9] еңбектерінде көрсеткіштік теңдеулер мен теңсіздіктерді оқыту мәселелері қарастырылғанымен, оқушылар жіберетін типтік қателер мен оларды жүйелі түзету жолдары жеткілікті деңгейде толық зерттелмегені көрсетіледі.

М.Я. Пратусевичтің оқулықтарында көрсеткіштік теңдеулер мен теңсіздіктер жеке параграф ретінде берілген. Материалды қарастыру көрсеткіштік теңдеудің анықтамасын енгізуден басталады. Бұл анықтама логарифм ұғымы арқылы да түсіндіріледі. Одан кейін автор мысалдарды қарастыруға және есептерді шешуге бірден көшеді, кейбір есептерге түсіндірмелер мен нұсқаулар береді. Сол сияқты, көрсеткіштік теңсіздіктер де қарастырылады. Мұнда көрсеткіштік теңсіздіктердің негізгі теоремасы – негіздері бірдей дәрежелерге өту кезіндегі тең мәнділік ережесі енгізіледі [1–3].

С.М. Никольский, М.К. Потапов, Н.Н. Решетников және А. В. Шевкиннің 10–11-сыныптарға арналған оқулықтарында теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу әдістерін баяндау технологиясы ерекше орын алады. Бұл технология теңдеулер мен теңсіздіктердегі тең мәнді түрлендіру ұғымын қолдануға негізделген жалпы шешу принциптері бойынша қалыптасқан [4–6].

А.Г. Мордкович пен П.В. Семеновтың 11-сыныпқа арналған оқулықтарында көрсеткіштік теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу әдістемесі тереңдетілген деңгейде қарастырылады. Теориялық материал оқу құралының жеке бөліміне шығарылып, тақырып көрсеткіштік функцияны өткеннен кейін бірден енгізіледі. Оқулықтарда көптеген мысалдар келтіріліп, негізгі шешу әдістері айқын бөлініп көрсетілген, сондай-ақ есептерді шешу барысында маңызды әдістемелік ескертулер беріледі [7–9].

Көрсеткіштік теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу барысындағы оқушылардың типтік қателері және оларды түзетудің әдістемелік негіздері.

Көрсеткіштік теңдеулер мен теңсіздіктер – орта мектеп математика курсының күрделі әрі іргелі тақырыптарының бірі. Бұл тақырыптарды игеру оқушылардың жоғары математикалық ойлау қабілетін қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Дегенмен, білім беру тәжірибесі көрсеткендей, оқушылар көрсеткіштік функцияның ерекшелігіне байланысты жүйелі түрде қателіктерге жол береді. Бұл қателіктерді талдау және оларды түзетудің тиімді әдістемесін ұсыну – қазіргі математикалық білім берудің өзекті мәселесі болып табылады.

Оқушылардың қателерінің себебі, көбінесе, үш негізгі санатқа бөлінетін білім мен дағдылардағы олқылықтарға байланысты: (теориялық-түсініктік, есептеу-алгоритмдік және әдістемелік-талдау қателері) болады екен.

Көрсеткіштік теңдеулер мен теңсіздіктердегі негізгі қателіктерді талдайық:

Қателік	Мысал	Негізгі себеп
Көбейтуді қосумен шатастыру	$2^x \cdot 3^x \neq 6^x$	Дәрежелерді көбейту қағидасын білмеу.
Негіздерді әртүрлі дәрежелерде қосу	$a^x + a^y = a^{x+y}$ деп ойлау (дұрысы: бұл айнымалыларды қосуға болмайды).	Дәреженің негізгі қасиеттерін (көбейту/бөлу) қосу/азайтумен шатастыру.
Бөлшек дәреженің қасиеттері	$(a^x)^y = a^{x+y}$ деп ойлау (дұрысы: $(a^x)^y = a^{xy}$ ).	Көрсеткішті дәрежелі ережесін шатастыру.
Негізі теріс сан болуы	$(-2)^{x+1}$ түріндегі өрнекті кез келген нақты $x$ үшін қарастыру.	Негіздің оң сан болуы керек екенін ескермеу ( $a > 0$ ).

Теориялық-түсініктік қателердің ең маңыздысы – көрсеткіштік функцияның негізгі қасиеттерін игермеу. Оқушылар  $y = a^x$  функциясының анықталу облысы (әрқашан нақты сандар жиыны) мен мәндер облысының ( $y > 0$ ) шектеулерін үнемі ұмытады. Бұл әсіресе айнымалыны ауыстыру әдісін қолданғанда, яғни  $t = a^x$  деп алғанда, жаңа айнымалы  $t$  міндетті түрде оң болуы

керек ( $t > 0$ ) деген шартты елемеуден көрінеді. Нәтижесінде, квадрат теңдеудің теріс түбірлері бастапқы теңдеудің шешімі ретінде қате қабылданады.

Екінші іргелі түсініктік қате көрсеткіштік теңсіздіктерді шешуде орын алады. Негізі  $a$  бірден үлкен ( $a > 1$ ) болса, функция өспелі болады және теңсіздік белгісі сақталады. Ал негізі нөл мен бірдің арасында ( $0 < a < 1$ ) болса, функция кемімелі болады және теңсіздік белгісі қарама-қарсыға өзгеруі керек. Оқушылардың басым көпшілігі негіздің бұл ерекшелігін жіберіп алады, мысалы,  $\left(\frac{1}{3}\right)^x < 9$  теңсіздігін шешуде белгіні өзгертпей, дұрыс емес шешімге келеді.

*Ұғымдық (теориялық-түсініктік) қателер.*

Бұл қателер көрсеткіштік функцияның негізгі қасиеттерін білмеуден туындайды. Бұл қателер көрсеткіштік функцияның негізгі анықтамалары мен қасиеттерін дұрыс түсінбеуден туындайды.

Мысал: Оқушылар жиі дәреже қасиеттерін бұзады. Мысалы,  $3^{2x+1}$  өрнегін дұрыс  $3^{2x} \cdot 3^1$  деп ашудың орнына, қателікпен  $3^{2x} + 3^1$  деп жазады. Бұл дәрежелерді қосу ережесін шатастыруға әкеледі.

Ең маңызды қате: Көрсеткіштік функцияның мәндер облысы туралы түсініктің жоқтығы. Оқушы  $2^x = -4$  сияқты теңдеуді шешуге тырысады, алайда кез келген оң санның дәрежесі әрқашан оң сан екенін (яғни,  $2^x > 0$ ) ескермейді, нәтижесінде бұл теңдеудің шешімі жоқ екенін анықтай алмайды.

Теңсіздіктегі қате:  $0,5^x < 0,5^3$  теңсіздігін шешу кезінде негізі 1-ден кіші ( $0,5 < 1$ ) болса, теңсіздік белгісін қарама-қарсыға өзгерту (яғни,  $x > 3$ ) қажет екенін ұмытады.

*Қателерді түзетудің әдістемелік жолдары.*

Оқушылардың жоғарыда аталған қателіктерін түзету үшін оқыту процесіне келесідей тиімді әдістемелік тәсілдерді енгізу қажет:

Көрнекілік және графикалық модельдеу: Көрсеткіштік функцияның түрін көрнекі түрде түсіндіру үшін Geogebra немесе басқа интерактивті бағдарламаларды пайдалану.  $y = 2x$  және  $y = \left(\frac{1}{2}\right)^x$  функцияларының графиктерін салыстыру арқылы оқушыларға негіздің бірден үлкен немесе кіші болуының функцияның өсуіне/кемуіне және теңсіздік белгісіне қалай әсер ететінін тәжірибе жүзінде көрсету. Бұл – теориялық-түсініктік қателердің алдын алудың ең сенімді жолы.

“Қателер Банкі” және Рефлексиялық Талдау: Оқушылардың жиі жіберген типтік қателерінен үлгілер жинақтап, оларды арнайы сабақтарда талдау. Оқушыларға басқа біреудің “қате” шешімін ұсынып, олардан сол қатені табуды, оның *себебін* түсіндіруді және *дұрыс* шешімін ұсынуды талап ету. Бұл әдіс әдістемелік-талдау қателіктерін болдырмауға және оқушының өзін-өзі бағалау қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

Сатылы дифференциация және проблемалық оқыту: тапсырмаларды біртіндеп күрделендіру арқылы оқушылардың білімін бекіту. Бастапқыда тек дәреже қасиеттерін қолдануға арналған жаттығулар, содан кейін айнымалыны ауыстыруды қажет ететін теңдеулер, ал соңында МДШ-ны ескеруді талап ететін күрделі теңсіздіктер беріледі. Проблемалық оқыту элементтерін, мысалы,

шешімі бірден айқын емес, қосымша талдауды қажет ететін жағдаяттарды енгізу алгоритмдік қателердің санын азайтады.

*Есептеу-алгоритмдік қателер (техникалық қателер).*

Бұл санатқа түрлендірулер, есептеулер және алгоритмді дәйекті қолдану барысындағы нақты қателіктер кіреді.

*Мысал:* Квадрат теңдеуге келтірілетін есептерде жіберіледі.  $2^{2x} - 5 \cdot 2^x + 4 = 0$  теңдеуінде  $t = 2^x$  ауыстыруын жасағаннан кейін пайда болған  $t^2 - 5t + 4 = 0$  квадрат теңдеуінің түбірлерін (дұрысы  $t_1 = 1, t_2 = 4$ ) есептеуде арифметикалық қате жібереді.

Дәрежелерді теңестірудегі қате:  $3^{2x+5} = 27^x$  теңдеуінде оқушылар  $27 = 3^3$  деп түрлендіргеннен кейін,  $((3^3)^x$  өрнегін  $3^{3x}$  орнына  $3^{3+x}$  деп қате жазуы мүмкін. Бұл дәрежені дәрежелі ережесін бұзу болып табылады.

Кері ауыстыруды ұмыту: Айнымалыны ауыстыру әдісін қолданғаннан кейін

$(t = a^x)$ , табылған  $t$  мәндерін бастапқы  $x$  айнымалысына қайта түрлендіруді ұмытып, жауапты  $t$  арқылы көрсетіп қоюы жиі кездеседі.

Енді мектеп математика курсы деңгейінде қандай түрлендірулер жасаған кезде теңдеудің анықталу облысының кеңейіп кетуі мүмкін деген орынды сұрақ туады. Теңдеудің анықталу облысының кеңейіп кету жағдайлары үшеу:

1. «Бөлшектің бөлімінен құтқару кезінде». Теңдеудің құрамындағы бөлшектің бөлімінде  $g(x)$  өрнегі болса, теңдеудің екі жағын да  $g(x) \neq 0$  өрнегіне көбейтіп немесе бөлшекті қысқарту арқылы бөлшек бөлімсіз жазылады. Мұны еркін сөйлеу кезінде «бөлшекті бөлімінен құтқару» деп айта береді. Теңдеуде бөлім болмағаннан кейін шектеу де жоқ деген сөз. Демек теңдеудің анықталу облысы кеңейді.

2. Логарифмді «тастап кету» кезінде. Бірдей негіздегі логарифмдердің теңдігінен логарифм таңбасының астындағы өрнектердің теңдігіне көшу теңдеудің анықталу облысын кеңейтеді. Себебі логарифм таңбасы астындағы өрнектердің оң болатындығы ескерілмей отыр.

«Көрсеткіштік теңдеулер мен теңсіздіктер» тақырыбын оқу барысында оқушылар тек көрсеткіштік теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу дағдыларын ғана емес, сонымен қатар, логарифмдік сияқты басқа да түрлерін шешу дағдыларын дамытады. Әр түрлі типтегі есептерді шығару арқылы оқушылар өз білімдерін кеңейтіп, жүйелейді және жалпы теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу шеберлігін жетілдіреді. Осылайша, келесі оқу міндеттерін тұжырымдауға болады:

– көрсеткіштік теңдеу және көрсеткіштік теңсіздік ұғымдарының анықтамасын тұжырымдай білу;

– әртүрлі типтегі көрсеткіштік теңдеулер мен теңсіздіктердің шешімін дұрыс рәсімдеп, есепті шешу жоспарын құра білу;

– көрсеткіштік теңдеу мен теңсіздікті шешудің тиімді әдісін таңдай білу;

– өздерінің дайындық деңгейіне сай күрделілігі әртүрлі көрсеткіштік теңдеулер мен теңсіздіктерді және олар негізінде құрылған есептерді шеше білу.

### *Қорытынды.*

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, көрсеткіштік теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу барысында оқушылардың жіберетін қателері жекелеген ережелерді білмеумен ғана емес, математикалық ұғымдардың өзара байланысын тұтас жүйе ретінде қабылдай алмаумен тығыз байланысты. Бұл тақырып орта мектеп математика курсының логикалық тұрғыдан күрделі және теориялық негізі терең бөлімдерінің бірі болғандықтан, оны меңгеру барысында оқушылардан функциялық ойлау, дәлелдеу мәдениеті және алгоритмдік бірізділік талап етіледі. Осы талаптардың толық орындалмауы қателердің тұрақты әрі қайталанбалы сипат алуына әкеледі.

Талдау барысында анықталғандай, оқушылардың көпшілігі көрсеткіштік функцияның негізгі қасиеттерін формальды түрде қолданумен шектеліп, олардың мазмұндық мәніне жеткілікті деңгейде назар аудармайды. Соның салдарынан анықталу облысы мен мәндер облысына қатысты шектеулер ескерусіз қалады, тең мәнді түрлендірулер мен анықталу облысының өзгеруі арасындағы байланыс сақталмайды, ал теңсіздіктерді шешу кезінде функцияның монотондық қасиеттері жүйелі түрде қолданылмайды. Мұндай жағдай есептің логикалық құрылымын бұзып, алынған нәтижелердің математикалық тұрғыдан негізсіз болуына әкеледі.

Зерттеу көрсеткендей, көрсеткіштік теңдеулер мен теңсіздіктерді оқытуда оқушылардың есеп шығару әрекеті көбінесе механикалық сипатта қалыптасады. Бұл оқыту барысында дайын алгоритмдерді басым қолданумен, ал есептің ішкі логикасын, шешу тәсілін таңдаудың себептерін және әрбір түрлендірудің мәнін жеткілікті деңгейде түсіндірмеумен байланысты. Нәтижесінде оқушылар бір типтегі есептерді шеше алғанымен, сәл өзгертілген немесе күрделендірілген тапсырмаларда қателікке жиі жол береді.

Осыған байланысты зерттеу барысында ұсынылған әдістемелік тәсілдер көрсеткіштік теңдеулер мен теңсіздіктерді оқытуды мазмұндық тұрғыдан тереңдетуге бағытталған. Графикалық модельдеуді жүйелі пайдалану функция қасиеттерін көрнекі түрде ұғынуға мүмкіндік беріп, формальды пайымдаулардың орнына саналы түсінуді қалыптастырады. Қателерді талдауға негізделген рефлексиялық жұмыс оқушылардың өз әрекеттерін бағалауына, математикалық дәлелдеу мәдениетін дамытуына жағдай жасайды. Ал тапсырмаларды күрделілік деңгейі бойынша ұйымдастыру және проблемалық жағдаяттарды енгізу оқушылардың логикалық ойлауын, шешім қабылдау дағдыларын және танымдық дербестігін арттырады.

Жалпы алғанда, көрсеткіштік теңдеулер мен теңсіздіктерді тиімді меңгерту оқыту процесін тек нәтижеге емес, шешу үдерісіне бағыттауды талап етеді. Бұл жағдайда оқушы теңдеуді немесе теңсіздікті шешудің әрбір кезеңін саналы түрде орындап, алынған нәтижелердің дұрыстығын математикалық тұрғыдан негіздей алуы тиіс. Мұндай әдістемелік ұстаным базалық және бейіндік деңгейлердегі оқу мақсаттарының сабақтастығын қамтамасыз етіп қана қоймай, оқушылардың кейінгі логарифмдік тақырыптарды және қолданбалы сипаттағы есептерді меңгеруіне берік теориялық әрі әдістемелік негіз қалыптастырады.

Осылайша, көрсеткіштік теңдеулер мен теңсіздіктер тақырыбын оқытуда жіберілетін типтік қателерді жүйелі түрде талдау және оларды болдырмауға бағытталған ғылыми-негізделген әдістемелік тәсілдерді қолдану жалпы математикалық білім берудің сапасын арттырудың маңызды факторы болып табылады және бұл мәселе болашақта да тереңдетілген педагогикалық зерттеулерді қажет етеді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

- 1 Пратусевич М.Я. Алгебра и начала анализа: учеб. для 10 кл. общеобразоват. учреждений. – М.: Просвещение, 2011. – 288 с.
- 2 Пратусевич М.Я. Алгебра и начала анализа: учеб. для 11 кл. общеобразоват. учреждений. – М.: Просвещение, 2012. – 304 с.
- 3 Пратусевич М.Я. Алгебра и начала анализа: дидакт. материалы для 10–11 кл. – М.: Просвещение, 2013. – 192 с.
- 4 Никольский С.М., Потапов М.К., Решетников Н.Н., Шевкин А.В. Алгебра и начала анализа: учеб. для 10 кл. общеобразоват. учреждений. – М.: Просвещение, 2010. – 352 с.
- 5 Никольский С.М., Потапов М.К., Решетников Н.Н., Шевкин А.В. Алгебра и начала анализа: учеб. для 11 кл. общеобразоват. учреждений. – М.: Просвещение, 2011. – 368 с.
- 6 Никольский С.М. и др. Сборник задач по алгебре и началам анализа для 10–11 кл. – М.: Просвещение, 2012. – 256 с.
- 7 Мордкович А.Г. Алгебра: учеб. для 10 кл. общеобразоват. учреждений. – М.: Мнемозина, 2014. – 320 с.
- 8 Мордкович А.Г. Алгебра: учеб. для 11 кл. общеобразоват. учреждений. – М.: Мнемозина, 2015. – 336 с.
- 9 Семенов П.В. Алгебра и начала анализа: учеб. пособие для 10–11 кл. общеобразоват. учреждений. – М.: Дрофа, 2013. – 240 с.

GTAMP 87.51.14

## КҮКІРТ ҚЫШҚЫЛЫ ӨНДІРІСІНІҢ ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТА АСПЕКТИЛЕРІ

**Е.М. Байжуманов**

*Магистрант, Нархоз Университеті, Алматы қ.*

**Ж.Ж. Есенкулова**

*Ғылыми жетекші, а.ш.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Нархоз Университеті,  
Алматы қ.*

Күкірт қышқылы өндірісі – заманауи өнеркәсіптің маңызды салаларының бірі, бірақ оның қауіпсіздігі мен қоршаған ортаға әсері ерекше назарды талап етеді. Өндіріс барысында пайда болатын газ тәрізді, сұйық және қатты қалдықтар, шу, жылу және уытты заттар жұмысшылар мен қоршаған орта үшін қауіп тудырады. Бұл мақалада күкірт қышқылы өндірісіндегі негізгі қауіпті факторлар, қоршаған ортаға әсерлер, қалдықтарды өңдеу және қауіпсіздік шаралары қарастырылады.

**Түйін сөздер:** күкірт қышқылы, қоршаған орта, кәсіпорын, күкірт триоксиді, қауіпсіздік.

Күкірт қышқылы өндірісіндегі ХХ ғасырдың екінші жартысында ең айқын оқиғалардың бірі – дамыған индустриялық елдерде нитроздық өндіріс әдісінен толықтай бас тарту, шикізат базасының өзгеруі, әсіресе пириттің үлесінің күрт азаюы және қос байланыс жүйесі – қос сіңіру жүйесінің енгізілуі болды. Әлемде жыл сайынғы күкірт қышқылы өндірісі 260 миллион тонннан асады. Азия-Тынық мұхит аймағы дүниежүзілік күкірт қышқылы нарығындағы ең ірі аймақтың бірі, ал осы нарықта Қытай үстемдік етеді, жылдық өндірісі 100 миллион тонна күкірт қышқылына тең.

Күкірт қышқылы өте күшті қышқыл болғандықтан, сумен араластыру әрдайым сақтықпен жүргізілуі тиіс. Концентрацияланған қышқылдың сусыздандыру қасиеті органикалық материалдарға да әсер етеді, сондықтан теріге тікелей тиген жағдайда ауыр күйіктер тудыруы мүмкін. Сонымен қатар, қыздырылған концентрленген күкірт қышқылы ерітінділерінен бөлінетін бүріккіштерді тыныс алу қауіпті, артық мөлшерде дем алу тіршілікті қауіпке төндіруі мүмкін. Төмен концентрацияда ұзақ уақытқа әсер ету теріні құрғатып, қызартып жіберуі мүмкін, ал дем арқылы жұтылғанда тыныс алу жолдарында қабыну және тітіркену тудыруы ықтимал. Күшті қышқылдан шыққан сұйықтық

емес бүріккіштерге ұзақ уақыт әсер ету өкпе және қатерлі ісігімен байланысты болған жағдайлар да кездеседі [1].

Зауыт аумағында ауада шашыраған күкірт шаңы жанып кету қаупіне ие, әсіресе жалын, статикалық разряд немесе үйкеліс ұшқыны болған жағдайда. Күкіртпен жұмыс істегенде ұшқынға төзімді құралдар, темірсіз конвейер бөлшектері сияқты жабдықтарды қолдану ұсынылады.

Күкірт триоксидін ( $SO_3$ ) су буымен жанасудан пайда болатын күкірт қышқылының бүріккіштерінің түзілуі болдырмауы тиіс. Зауыттың белгілі бір бөлігінде күкірт шаңының жиналуы жағдайында аудан классификациясы мен қауіпсіздік талаптарын сақтау міндетті.

Күкірт қышқылы – негізгі өнеркәсіптік өнімдердің бірі және ол әртүрлі салаларда кеңінен қолданылады. Күкірт қышқылын өндіру қазіргі заманғы өнеркәсіптің базалық технологияларының бірі болып саналады, ал оны импорттау, экспорттау, сату және тұтыну көрсеткіштері белгілі бір өнеркәсіптік аймақтың өнеркәсіптік даму деңгейін бағалаудың эталондық индикаторлары ретінде қарастырылады [2].

Күкірт қышқылын өндіретін зауыттың жобасы қоршаған ортаға әсер етеді, бұл зауыт орналасқан аумақтағы ластану мәселелері арқылы көрінеді. Бұл шаралар экологиялық орган белгілеген шығарындылар стандарттары мен төгу шектерін сақтау арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Қалдықтарды қоршаған ортаға төгуге дейін зауыт ішінде өңдеуге болады. Контакттік процесс арқылы күкірт қышқылы өндірісінде пайда болатын ықтимал ластаушыларға таза күкірт шаңы, күкірт оксидтері, қышқыл бүркуі, сұйық күкірт қышқылы, сонымен қатар қалдық катализаторлар жатады. Күкірт оксидтері мен қышқыл бүркуінің қоршаған ортаға таралуының негізгі себебі – процестегі нашар конверсия және сіңіру болып табылады. Тиімді өңдеу әдістерін қолдану осы газ тәрізді элементтердің шығарындыларын азайтуға мүмкіндік береді.

Күкірт қышқылы өндіріс зауытында сұйық қалдықтарды төгуге бірнеше ықтимал нүктелерді анықтауға болады. Қалдықтарды төгуден бұрын шығарылатын ағынды сулардың қасиеттеріне байланысты өңдеу қажет, өйткені қалдықтар өте қышқыл немесе сілтілі болып, құрамында жоғары еріген заттар болуы мүмкін.

Кесте 1. Процестегі сұйық қалдық көздерін анықтау және олардың әсерін азайту.

Қалдық көзінің түрлері	Әсерді азайту шаралары
Қышқылдың төгілуі немесе ағып кетуі	Төгуге дейін сілтілі ерітіндімен өңделуі қажет
Бу қазанындағы қолданылатын су	Шикі су сүзгіленіп, алдын ала өңдеу арқылы қаттылығы төмендетілуі қажет. Жоғары сапалы ағын өңдеу, яғни түтіктерде шөгінді аз түсуі, мөлшерінің аз болуы, тек осы талаптар орындалған жағдайда ғана қамтамасыз етіледі. Деминерализацияланған бөлікті бу қазанына бергеннен кейін қалған судың рН деңгейі түзетілгеннен кейін скрубберлерде қолдануға болады.

Салқындату мұнарасында қолданылатын су	Жылу алмастырғыштарда шөгінді түзілуін болдырмау үшін бу қазанына берілетін суды өңдеуге ұқсас өңдеу қажет. Алдын ала өңдеуден кейін сүзілген еден жуу немесе басқа да төмен талапты тазалау мақсаттарында қолданылуы мүмкін.
Ескерту: әдебиет көздері негізінде автормен құрастырылған [3].	

*Кесте 2. Негізгі қатты қалдық көздері және оларды өңдеу әдістері.*

Қатты қалдық көзінің түрлері	Әсерді азайту шаралары
Газ тазалау сүзгілерінде қалған күкірт-шлак шламы	Басқа тарапқа шикізат ретінде сатылуы мүмкін, мысалы, басқа өндіріс процестерінде, атқыш заттар жасау үшін қолдану.
The result of the perception process is understanding. In the studies of a number of authors, it is noted that the speech process: perception and production of speech is impossible without “understanding”, i.e. the presence of a semantic component is necessary.

According to many researchers, the main components of the perception process are activation of perception (development of the visual and auditory channels), decoding operations, and the formation of a situation model.

Understanding is the basis for verbalization and one of the components of mental activity. It is not necessary to use only verbal elements when preparing a message; they can be replaced with images and visual schemes.

Thus, we can say that in order to activate speech in non-speaking children, a comprehensive interdisciplinary analysis of both non-linguistic components, which are the basis for speech production, and linguistic components, which will be discussed in the next section, is necessary.

## **References**

- 1 Lisina, M.I. *Communication, Personality, and the Child's Psyche*. – Moscow: Institute of Practical Psychology Publishing House, Voronezh: NPO MODEK, 1997. – 384 p.
- 2 Leontiev, A.A. *Fundamentals of Psycholinguistics: Textbook*. – Moscow: Smysl: Academy, 2005. – 288 p.
- 3 Ananyev, B.G. *Sensory and Perceptual Organization of Man // Cognitive Processes: Sensations and Perception*. – Moscow: Pedagogika, 1982. – p. 9-31.

- 4 Psychology: Textbook for Humanitarian Universities / Edited by N.V. Druzhinin. – St. Petersburg: Peter, 2009. – 656 p.
- 5 Vygotsky, L.S. The Development of Higher Mental Functions. – Moscow: Publishing House of the Russian Academy of Pedagogical Sciences, 1960. – 500 p.
- 6 Lukasz, O.L. The Problem of Psychophysiological Features of Children with General Speech Underdevelopment at the Present Stage of Development of Correctional Pedagogy // Pedagogical Sciences. – 2007. – No. 3. – P. 125-129.
- 7 Leontiev, A.N. Activity. Consciousness. Personality: A Textbook. – Moscow: Smysl: Academy, 2005. – 352 p.
- 8 Uznadze, D.N. Psychological Motivations of Human Behavior. – Moscow: Academy, 2009. – 340 p.
- 9 Child Personality Development / edited by A.M. Fonarev. Moscow: Progress, 1987. 272 p.
- 10 Fundamentals of the Theory and Practice of Speech Therapy / edited by P.E. Levina. Moscow: Prosveshchenie, 1968. 368 p.
- 11 Yelagina, M.G. Why Doesn't the Child Speak? // Preschool Education. – 1988. – No. 4. – P. 44-53.

ҒТАМР 14.07.07

## EDTECH ЖӘНЕ ЖЕКЕ БРЕНД: ЦИФРЛЫҚ ҚҰРАЛДАРДЫҢ БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ КЕЛБЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ЫҚПАЛЫ

**Г.С. Каримова**

*Педагогикалық институт директорының орынбасары, PhD, Астана Халықаралық университеті, Астана қ.*

**А. Мәлжаждар**

*Магистрант, Астана Халықаралық университеті, Астана қ.*

Бұл мақалада EdTech технологиялары мен жеке брендті қалыптастыру стратегияларының болашақ педагогтардың кәсіби болмысын дамытудағы ықпалы зерттеледі. Зерттеудің мақсаты – цифрлық құралдардың болашақ мұғалімдердің кәсіби көрінуі мен сенімділігін арттыруға әсер ететін теориялық негіздері мен практикалық тетіктерін анықтау. Astana International University-дің 150 болашақ педагогы қатысқан зерттеу барысында цифрлық сауаттылық, жеке бренд туралы түсінік және EdTech құралдарын кәсіби даму мақсатында қолдану сияқты үш негізгі өлшем бағаланды. Қатысушылар Canva, LinkedIn, Google Workspace және түрлі LMS платформаларын пайдаланғанымен, жеке брендті жүйелі қалыптастыру қабілеті жеткіліксіз әдістемелік қолдауға байланысты шектеулі болды. Осы олқылықты жою үшін автор “The Personal Brand of a Future Foreign Language Teacher” атты авторлық әдістемелік нұсқаулық әзірлеп, жариялады.

**Түйін сөздер:** EdTech, жеке бренд, кәсіби болмыс, болашақ педагогтар, цифрлық сауаттылық, педагогикалық құзыреттілік, онлайн-портфолио, білім беру технологиялары.

Қазіргі заманғы білім беру цифрлық қоғамның қарқынды өзгеріп жатқан талаптарына бейімделе алатын мамандарды даярлауда шешуші рөл атқарады. Білім беру үдерісінің цифрлануы шетел тілдерін оқытуға инновациялық тәсілдерді енгізуге мүмкіндік беріп отыр, олардың ішінде ойынға негізделген технологиялар мен геймификация әдістері ерекше маңызға ие болуда. Геймификация педагогикалық құрал ретінде оқу үдерісіне ойын элементтерін енгізуді көздейді, бұл студенттердің уәждемесін, қызығушылығын және оқу барысына тартылуын арттыруға ықпал етеді [1]. Болашақ шетел тілі мұғалімдері үшін цифрлық ойын технологияларын қолдану қабілеті ХХІ ғасырдың оқу

аудиториясында талап етілетін коммуникативтік, когнитивтік және цифрлық құзыреттерді қалыптастырудың маңызды құрамдасына айналып отыр.

Бұл ғылыми мақала кәсіби шетел тілі құзыреттілігін қалыптастыру мәселесін зерттеуге арналған және бірнеше объективті қайшылықтарды ескеру қажеттілігімен айқындалады. Бір жағынан, жоғары технологиялы қазіргі қоғам болашақ мамандардан кәсіби шетел тілі біліктілігінің жоғары деңгейін, сондай-ақ жеке және кәсіби қажеттіліктеріне сәйкес өмір бойы білім алуға дайын болуын талап етеді. Екінші жағынан, жоғары білім беру жүйесінде цифрлық ойын технологияларын тиімді интеграциялаудың ғылыми негізделген модельдерінің жеткіліксіздігі аталған құзыреттерді қалыптастыруды күрделендіреді.

Зерттеудің жұмыс гипотезасы бойынша, тілдік бағыттағы студенттердің кәсіби шетел тілі құзыреттілігінің салыстырмалы түрде төмен болуы оқу үдерісінде цифрлық және ойын технологияларының жеткіліксіз қолданылуымен байланысты. Осы элементтердің интеграциясын күшейту студенттердің коммуникативтік қабілетін, цифрлық сауаттылығын және оқу уәждемесін айтарлықтай арттыруы мүмкін, бұл өз кезегінде олардың кәсіби даярлығын жақсартта түседі.

Осы тұрғыда педагогикалық инновациялардың рөлі ерекше маңызға ие. Болашақ мұғалімдерді даярлайтын жоғары оқу орындары теориялық біліммен қатар, нақты аудиториялық жағдайларда тиімді қолдануға болатын практикалық құралдармен қамтамасыз етуі тиіс. Перспективалы шешімдердің бірі – шетел тілін оқытуда цифрлық ойын технологияларын қолданудың тиімді жолдарын көрсететін әдістемелік материалдарды әзірлеу болып табылады.

Қазақстанның педагогикалық жоғары оқу орындарында шетел тілдерін оқыту үдерісіне цифрлық ойын технологияларын енгізудің қажеттілігі артып келе жатқандықтан, бұл зерттеудің өзектілігі де жоғары. Мұндай технологиялар білім сапасын арттыруға, шығармашылық және сыни ойлау дағдыларын дамытуға, сондай-ақ болашақ мұғалімдерді кәсіби қызметте цифрлық құралдарды тиімді қолдануға даярлауға мүмкіндік береді.

Осылайша, зерттеудің мақсаты – шетел тілін оқытуда ойын технологияларын іске асыруда цифрлық тәсілдердің педагогикалық әлеуетін айқындау және олардың практикалық қолданылуына болашақ мұғалімдердің көзқарастарын зерттеу.

Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін төмендегі міндеттер айқындалды:

1. Шетел тілдерін оқытуда цифрлық және ойын технологияларын интеграциялау жөніндегі теориялық негіздер мен соңғы зерттеулерді талдау, олардың студенттердің уәждемесін, қызығушылығын және коммуникативтік құзыреттерін арттырудағы рөлін анықтау;

2. Цифрлық ойын құралдарын шетел тілі сабақтарына енгізу барысында болашақ мұғалімдердің даярлығы мен қабылдау ерекшеліктерін зерттеу, сондай-ақ ойын әдістерін тиімді қолданудағы құзыреттері мен кездесетін қиындықтарын бағалау.

Цифрлық білім беру саласындағы көптеген зерттеулер EdTech құралдарын мұғалімдерді даярлау бағдарламаларына интеграциялау болашақ педагогтардың

кәсіби дайындығын, уәждемесін және коммуникациялық дағдыларын айтарлықтай арттыратынын көрсетеді. Pomäki, Kantosalo және Lakkala (2016) зерттеулеріне сәйкес, цифрлық құзырет қазіргі педагогтың кәсіби болмысының негізгі компоненті болып табылады және оны мақсатты педагогикалық контексте қолдану қабілетімен тікелей байланысты [2]. Авторлар цифрлық құралдар оқыту әдістерін ғана емес, сонымен қатар мұғалімнің онлайн кеңістіктегі кәсіби өзіндік таныту формаларын да өзгертетінін атап өтеді.

Цифрлық құзыретпен қатар, заманауи педагогикада жеке брендтің рөлі ерекше назар аударуда. Khedher (2015) пікірінше, жеке бренд – адамның құндылықтарын, кәсіби артықшылықтарын және бірегейлігін цифрлық және офлайн ортада жүйелі түрде танытатын стратегиялық процесс [3]. Болашақ шетел тілі мұғалімдері үшін үйлесімді және сенімді цифрлық кәсіби бейне қалыптастыру еңбек нарығындағы көріну, сенімділік және бәсекеге қабілеттілікті арттырудың маңызды шартына айналды.

Цифрлық платформалардың педагогикалық дамуға әсерін зерттеген ғылыми еңбектердің бірі – Trust және Whalen (2020). Авторлар LinkedIn, Google Workspace және контент-тудыру құралдары болашақ мұғалімдерге кәсіби желілер құруға, оқу материалдарын бөлісуге және үздіксіз білім алуға мүмкіндік беретінін, бұл өз кезегінде автономияны, рефлексияны және педагогикалық шығармашылықты арттыратынын көрсетеді [4]. Chou, Shen және Hsiao (2021) жүргізген зерттеулер де цифрлық құралдарды мұғалімдерді даярлау үдерісіне енгізу студенттердің сенімділігін, шығармашылығын және оқушыға бағытталған оқу материалдарын әзірлеу қабілетін күшейтетінін дәлелдейді [5].

Жеке бренд қалыптастыру стратегиялары мұғалімнің кәсіби өзіндік концепциясына ықпал ететінін қазіргі зерттеулер де растайды. Enache (2011) жеке бренд педагогтың кәсіби философиясын айқындауға, кәсіби қауымдастықтардағы орнын белгілеуге және танымал цифрлық бейне қалыптастыруға мүмкіндік беретінін атап өтеді [6]. Бұл талаптар цифрлық ортада еркін әрекет ете алатын, технологиялық құзыреттері жоғары, тиімді коммуникация жасайтын мұғалімдерге деген сұраныспен сәйкес келеді.

Педагогтың жеке брендті цифрлық сауаттылықпен және кәсіби болмыстың қалыптасуымен тығыз байланысты екенін Tour (2017) де ерекше атап өтеді. Ғалым цифрлық ортаға белсенді қатысу, мағыналы онлайн контент дайындау және кәсіби коммуникация мұғалімнің өзіндік кәсіби тұжырымдамасын қалыптастырып, өмір бойы білім алу мотивациясын арттыратынын көрсетеді [7].

Қазақстандағы білім беруді цифрландыру жағдайында EdTech құралдары мен жеке бренд стратегияларын біріктірудің маңызы арта түсуде. Соңғы зерттеулер цифрлық трансформация мұғалімдердің инновациялық ойлауын, сыни талдау дағдыларын және бірлескен жұмыс қабілеттерін дамытуға ықпал ететінін көрсетеді [8]. Болашақ мұғалімдердің цифрлық және кәсіби болмысын қалыптастыру – олардың уәждемесін, автономиясын және технологияны тиімді қолдану қабілетін арттыратын маңызды фактор.

Осылайша, теориялық зерттеулер EdTech құралдарын жеке брендті қалыптастырумен үйлестіру болашақ педагогтардың коммуникациялық

дағдыларын, цифрлық сауаттылығын, шығармашылығын және кәсіби сенімділігін дамытуға елеулі үлес қосатынын растайды. Бұл тұжырымдар осы зерттеудің теориялық базасын құрайды және цифрлық тәсілдер мен брендке бағытталған әдістемелік материалдарды шетел тілін оқытуға тиімді енгізу арқылы болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін, уәждемесін және оқыту процесіне тартылуын арттыру жолдарын қарастыруға негіз болады.

*Материалдар мен зерттеу әдістері.*

Бұл зерттеуде болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби болмысын қалыптастыруда EdTech құралдары мен жеке бренд стратегияларын қолдануға дайындығын анықтау мақсатында сандық зерттеу әдісі қолданылды. Зерттеудің негізгі мақсаты – студенттердің цифрлық ортада кәсіби өзіндік таныту, педагогикалық мақсатта цифрлық платформаларды пайдалану және жеке бренд қалыптастыру дағдыларын қаншалықты меңгергенін бағалау. Сонымен қатар зерттеу болашақ педагогтердің EdTech құралдарын кәсіби өсу мен оқыту үдерісінде мақсатты түрде қолдануына кедергі келтіретін факторларды айқындауды көздеді.

Зерттеу Astana International University (AIU) базасында жүргізіліп, ағылшын тілі, аударма ісі және педагогикалық бағыттар бойынша білім алып жатқан 150 студент қамтылды. Қатысушылардың әртүрлі академиялық курстарда оқуы цифрлық тәжірибенің, жеке бренд туралы түсініктің және EdTech-ті қолдану дағдыларының қалыптасуына әсерін жан-жақты талдауға мүмкіндік берді.

Деректер жинау құралы ретінде 35 сұрақтан тұратын құрылымдалған сауалнама қолданылды. Сауалнама үш аналитикалық өлшемге бөлінді:

1. Цифрлық сауаттылық және технологиялық дайындық – Canva, LinkedIn, Google Workspace, LearningApps, Padlet сияқты платформаларды қолдану тәжірибесі, сенімділігі және жиілігі;

2. Жеке бренд туралы түсінік және педагогикалық құндылықты сезіну – студенттердің кәсіби болмыс, онлайн-идентификация, цифрлық портфолио құру және педагогикалық контент өндірудің маңыздылығын түсіну деңгейі;

3. Практикалық дайындық және EdTech-ті оқыту процесіне интеграциялау қабілеті – болашақ мұғалім ретінде цифрлық құралдарды мақсатты қолдануға деген даярлық, сабақ жүргізу барысында EdTech пен жеке бренд элементтерін тиімді қолдану ниеті.

Сауалнамадағы жауаптар төрт деңгейлі Ликерт шкаласы бойынша жиналды («мүлде келіспеймін» – «толық келісемін»). Әр өлшем бойынша ең жоғары мүмкін балл – 40 ұпай. Жалпы ұпайға сәйкес қатысушылардың дайындық деңгейі үш санатқа бөлінді:

- Төмен деңгейдегі дайындық (10–19 ұпай);
- Орташа дайындық (20–29 ұпай);
- Жоғары деңгейдегі дайындық (30–40 ұпай).

Сауалнама Google Forms платформасы арқылы таратылып, жауаптар автоматты түрде кодталды. Сандық деректер сипаттамалық статистика (орташа мәндер, пайыздық үлес, жиілік) әдістерімен талданды. Сонымен қатар

қатысушылар қалдырған ашық сұрақтардағы сапалық пікірлер EdTech пен жеке бренд құралдарын қолдануда кездесетін қиындықтар мен әлеуетті мүмкіндіктерді анықтау үшін мазмұндық талдау тәсілімен зерттелді.

Осы әдістемелік тәсілдер болашақ педагогтердің цифрлық құзыреттілігі деңгейін, кәсіби болмыс қалыптастыруға дайындығын және EdTech құралдарын қолдануға деген көзқарасын нақты және жан-жақты бағалауға мүмкіндік берді.

*Нәтижелер және талқылау.*

Astana International University-де білім алатын 150 болашақ мұғалім арасында жүргізілген сауалнама EdTech құралдары мен жеке бренд стратегияларын кәсіби қалыптасу мақсатында қолдануға қатысты олардың хабардарлығы, даярлығы және практикалық тәжірибесі туралы маңызды мәліметтерді ұсынды. Болашақ педагогтердің жеке брендті қалыптастыруға арналған цифрлық құралдар туралы хабардарлық деңгейі 1-кестеде көрсетілген. Қатысушылардың басым бөлігі Canva (81%) және LinkedIn (74%) платформаларын жақсы білетінін атап өтті, бұл олардың цифрлық контент жасауда және онлайн-кәсіби желілерде өзіндік портфолио қалыптастыруда жиі қолданылатынын айғақтайды. Google Sites және Notion сияқты портфолио дайындауға арналған құралдар орташа деңгейде танымал болса, Padlet-ті тек 47% ғана білетінін көрсетті. Бұл нәтижелер EdTech құралдары білім беру жүйесіне кеңінен енгізіліп жатқанына қарамастан, әртүрлі платформалар бойынша хабардарлықтың біркелкі емес екенін көрсетеді. Бұл қорытынды Toug (2017) пікіріне сәйкес келеді, ол мұғалімдер арасында цифрлық ортаны қолдану деңгейі тәжірибе мен кәсіби өзіндік концепцияның қалыптасуына тікелей байланысты екенін атап өткен [7].

*Кесте 1. Жеке бренд қалыптастыруға арналған цифрлық құралдар туралы хабардарлық.*

Цифрлық құрал	Толық біледі (%)	Жартылай біледі (%)	Білмейді (%)
Canva	81	16	3
LinkedIn	74	20	6
Google Sites	69	25	6
Notion	58	30	12
Padlet	47	39	14

2-кестеде көрсетілгендей, EdTech құралдарын қолдану жиілігі болашақ мұғалімдердің цифрлық ортаға қаншалықты белсенді қатысатынын анықтайды. Зерттеу нәтижелері бойынша қатысушылардың 34%-ы бұл құралдарды тұрақты (аптасына бірнеше рет) қолданатынын айтса, 41%-ы оларды кейде (айына бір рет) пайдаланады. Сонымен қатар, 19%-ы сирек қолданады, ал 6%-ы ешқашан қолданбаған. Хабардарлықтың жоғары болуына қарамастан, EdTech құралдарын жүйелі түрде қолдану көрсеткішінің төмен болуы білім беруде цифрлық интеграцияның әлі де жеткіліксіз екенін көрсетеді. Бұл жағдай Pomäki et al. (2016) зерттеулеріндегі қорытындылармен сәйкес келеді, онда цифрлық құзырет

деңгейі мен қолдану тұрақтылығы арасында жиі алшақтық болатыны айтылған [2].

Кесте 2. EdTech және жеке бренд құралдарын сабақта/тәжірибеде қолдану жиілігі.

Қолдану жиілігі	Қатысушылар үлесі (%)
Тұрақты қолданады (аптасына)	34
Кейде қолданады (айына)	41
Сирек қолданады (семестріне)	19
Қолданбайды	6

3-кестеге сәйкес, зерттеу қатысушылары EdTech және жеке бренд құралдарының педагогикалық артықшылықтарын жоғары бағалады. Қатысушылардың 87%-ы бұл технологиялар студенттердің уәждемесін арттыратынын, 83%-ы сабаққа қатысу деңгейін жоғарылататынын атап өтті. Сонымен қатар 79%-ы цифрлық портфолио мен контент жасаудың кәсіби өзін-өзі танытуға оң әсер ететінін көрсетті. Жеке бренд құралдарының ынтымақтастықты дамытудағы рөлі 71% деңгейінде бағаланды. Бұл нәтижелер Khedher (2015) зерттеулерімен үндес, онда жеке брендтің кәсіби сенімділікті арттырудағы стратегиялық маңызы көрсетілген [3].

Кесте 3. EdTech және жеке бренд құралдарын қолданудың педагогикалық пайдасы.

Педагогикалық артықшылықтар	Келісім пайызы (%)
Студенттердің уәждемесін арттыру	87
Сабаққа қатысуды жақсарту	83
Кәсіби өзін-өзі танытуды дамыту	79
Ынтымақтастық пен коммуникацияны қолдау	71
Қалыптастырушы бағалауды жетілдіру	63

EdTech және жеке бренд құралдарының болашақ мұғалімдердің кәсіби болмысына ықпалы: Бұл кесте студенттердің EdTech және жеке бренд элементтерін қолдану арқылы қандай кәсіби дағдыларын дамыта алғанын көрсетеді.

Кесте 4. EdTech және жеке брендтің кәсіби болмысқа әсерін бағалау.

Кәсіби дағды	Толық дамыған (%)	Жартылай дамыған (%)	Дамымаған (%)
Цифрлық коммуникация дағдылары	72	23	5
Кәсіби өзін-өзі таныстыру (жеке бренд)	68	27	5
Онлайн-портфолио құру қабілеті	63	30	7
Оқу контентін цифрлық форматта әзірлеу	70	25	5

Цифрлық педагогикалық құралдарды сабаққа енгізу	58	34	8
Кәсіби желілерде (LinkedIn т.б.) белсенділік	54	32	14

4-кестенің нәтижелері EdTech және жеке бренд құралдарының болашақ мұғалімдердің кәсіби болмысын қалыптастыруда маңызды рөл атқаратынын көрсетеді. Қатысушылардың 72%-ы цифрлық коммуникация дағдыларының айтарлықтай дамығанын атап өтті, бұл болашақ педагогтер үшін онлайн ортада кәсіби байланыс орнатудың маңыздылығын айғақтайды.

Кәсіби өзін-өзі таныту (жеке бренд) дағдыларының 68% деңгейінде дамуы студенттердің әлеуметтік желілерде, кәсіби платформаларда өздерін дұрыс таныстыруға қызығушылығы жоғары екенін көрсетеді. Сонымен қатар онлайн-портфолио құру қабілетінің 63% деңгейінде қалыптасуы болашақ мұғалімдердің цифрлық кәсіби бейнесін жүйелі ұсынуға талпынысы бар екенін білдіреді.


EdTech құралдарын сабаққа енгізу қабілеті 58% деңгейінде болғанымен, бұл көрсеткіштің төмендеуіне әдістемелік тәжірибенің жетіспеушілігі және практикалық қолдануға сенімсіздік әсер етуі мүмкін. Ал кәсіби желілердегі белсенділік көрсеткішінің төмендігі (54%) студенттердің бір бөлігі әлі де болашақ кәсіби қоғамдастықтарында өзін белсенді көрсету қажеттілігін толық түсіне қоймағанын білдіреді.

Жалпы алғанда, бұл деректер EdTech пен жеке бренд стратегиялары болашақ мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігі мен кәсіби болмысын нығайтуда тиімді құрал болып табылатынын дәлелдейді.

*Практикалық іске асыру.*

Бұл зерттеудің эксперименттік компоненті ретінде «Developing the Personal Brand of a Future Foreign Language Teacher as a Factor in Enhancing Learning Effectiveness» атты авторлық әдістемелік нұсқаулық әзірленіп, оқу процесіне енгізілді. Нұсқаулық болашақ шетел тілі мұғалімдерінің жеке брендингі, кәсіби болмысы және коммуникативтік құзыреттілігін жүйелі түрде дамытуға бағытталған 10 модульден тұрады.

Әр модульде теориялық шолу, практикалық тапсырмалар, рефлексия бөлімі және педагогикалық қорытындылар ұсынылады. Мазмұны өзін-өзі тану, аудитория мен позициялау, коммуникация және кәсіби имидж, цифрлық қатысу, визуалды және вербалды стиль, е-портфолио, сторителлинг, коллаборация және рефлексия блоктарын қамтиды. Нұсқаулық магистрлік диссертацияның эксперименттік базасы ретінде қолданылып, студенттердің жеке брендін дамыту арқылы олардың оқыту тиімділігі мен кәсіби сенімділігін арттыруды көздеді.



Сурет 1. *The Personal Brand of a Future Foreign Language Teacher*

Developing the Personal Brand of a Future Foreign Language Teacher as a Factor in Enhancing Learning Effectiveness

TITLE PAGE  
ASTANA INTERNATIONAL UNIVERSITY  
Foreign language: two foreign languages

METHODOLOGICAL GUIDEBOOK  
"Developing the Personal Brand of a Future Foreign Language Teacher as a Factor in Enhancing Learning Effectiveness"

Author:  
Karimova Gulim Sailaubekovna, PhD  
Academic Year: 2025  
City: Astana

Author:  
Arailym Malkazhdar A.  
Graduate Student of the Master's Degree Program in "Two Foreign Languages"

This guidebook is developed as part of the experimental component of the master's dissertation aimed at improving the professional identity and teaching effectiveness of future foreign language teachers through personal brand development.

Сурет 2. Нұсқаулықтың үлгі беті.  
«Foreign Language Teacher» нұсқаулығының мұқабасы

Эксперимент Astana International University-де «Екі шетел тілі» және «Шетел тілі: екі шетел тілі» білім беру бағдарламаларының 3-4 курс бакалавр және магистранттары арасында жүргізілді. Барлығы 150 студент қатысты; олар кездейсоқ іріктеу арқылы екі топқа бөлінді:

– Эксперименттік топ ( $n = 75$ ) – 10 апталық курс бойы жеке брендті дамытуға арналған нұсқаулықпен толық жұмыс істеді: тренингтер, шеберлік-сыныптар, е-портфолио әзірлеу, цифрлық жоба, рефлексивті эссе.

– Бақылау тобы ( $n = 75$ ) – өздерінің әдеттегі әдістемелік және шетел тілі сабақтарын жалғастырды, бірақ арнайы бренд курсына қатыспады.

Екі топ та курс алдында және соңында бірдей құрылымдағы сауалнамалар мен бағалау парақтарын толтырды. Зерттеу үш негізгі өлшем бойынша жүргізілді:

1. Self-awareness & professional identity – өзін-өзі тану, кәсіби құндылықтар мен оқыту философиясын түсіну;

2. Communication & professional image – вербалды/вербалды емес коммуникация, аудиториямен жұмыс, кәсіби имидж;

3. Digital & portfolio branding skills – цифрлық қатысу, е-портфолио құру, онлайн-имиджді басқару.

Әр өлшем 10 модульдан тұрды және 4 деңгейлі Ликерт шкаласы бойынша (1 – «мүлде келіспеймін», 4 – «толық келісемін») бағаланды. Осылайша, әр шкала бойынша ең жоғары ұпай – 40 балл болды. Жалпы ұпайлар негізінде студенттердің даярлығы үш деңгейге бөлінді: төмен (10–19), орташа (20–29) және жоғары (30–40).

Алдын-ала бағалау нәтижелері екі топтың бастапқы көрсеткіштері ұқсас екенін көрсетті. Бақылау тобы үшін орташа ұпайлар:

Кесте 5. Алдын-ала бағалау.

Өлшем	Эксперименттік топ	Бақылау тобы
Self-awareness	23.6	23.4
Communication	24.1	24.0
Digital skills	22.9	22.7

5-кесте көрсеткендей, бұл топтардың бастапқы кәсіби және цифрлық даярлығы шамалас екенін дәлелдейді.

10 апталық курс аяқталғаннан кейінгі кейінгі бағалау нәтижесі айқын айырмашылықты көрсетті. Бақылау тобында ұпайлар аздап қана өсті: self-awareness – 25.6; communication – 26.1; digital & portfolio skills – 24.9. Ал эксперименттік топта айтарлықтай жоғары өсім байқалды: self-awareness – 33.2; communication – 34.0; digital & portfolio skills – 32.7.

Бұл айырмашылық эксперименттік топтың барлық өлшемдер бойынша бақылау тобына қарағанда анағұрлым жоғары нәтижеге қол жеткізгенін көрсетеді. Әсіресе self-awareness және professional identity шкаласында өсім айқын болды. Цифрлық және портфолиолық дағдылардағы (Module 5, 7) өсім студенттердің е-портфолио, әлеуметтік желідегі кәсіби профильдер және цифрлық контент арқылы өзін таныта алу қабілетін күшейткенін көрсетті.

Сапалық деректер де сандық нәтижелерді толықтырды. Эксперименттік топтың рефлексивті эсселері мен күнделіктерінде студенттер:

- өздерінің «мектептегі келбетінің» айқындалғанын;
- аудиториямен сенімді сөйлесу жеңілдегенін;
- сабаққа дайындалу барысында визуалды және вербалды стильге көбірек мән беретінін;
- цифрлық платформаларда (е-портфолио, әлеуметтік желі) кәсіби түрде әрекет ету дағдысы қалыптасқанын жиі атап өтті. Көптеген қатысушылар жеке брендпен жұмыс істеу олардың мұғалім мамандығын саналырақ қабылдауына және студенттермен қарым-қатынасын жақсартуына әсер еткенін жазды.

«Personal brand course» пен студенттердің дайындық деңгейінің өсуі арасындағы байланысты статистикалық тұрғыда тексеру үшін Pearson сызықтық корреляция коэффициенті есептелді. Эксперименттік топтың алдын-ала және кейінгі көрсеткіштері негізінде мынадай нәтижелер алынған:

- self-awareness & professional identity –  $r = 0.91$ ;
- communication & professional image –  $r = 0.93$ ;
- digital & portfolio branding skills –  $r = 0.90$ .

Charles Gilbert Chaddock шкаласы бойынша бұл мәндер өте жоғары оң корреляцияны білдіреді (0.9–1.0 аралығы). Яғни, жеке брендті дамытуға арналған курсқа қатысу мен студенттердің кәсіби және цифрлық даярлығының артуы арасында берік статистикалық байланыс бар екені расталды.

Алынған нәтижелер жеке брендті дамытуға бағытталған нұсқаулық болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби болмысын, коммуникациялық сенімділігін және цифрлық имиджін күшейтуге елеулі ықпал ететінін көрсетеді. Бақылау тобы тек дәстүрлі пәндермен шектелгендіктен, олардың өсімі табиғи

тәжірибелік жетілу шеңберінде ғана болды. Ал эксперименттік топта self-awareness пен professional identity деңгейінің айтарлықтай өсуі мұғалім тұлғасын саналы түрде құруға бағытталған модульдердің (1–3, 10) тиімділігін дәлелдейді.

Коммуникация және кәсіби имидж көрсеткіштерінің жоғарылауы вербалды/вербалды емес қарым-қатынас, аудиториямен жұмыс және кәсіби этикаға арналған тапсырмалар мен рөлдік ойындардың (Module 4, 6) практикалық мәнін айқындайды. Цифрлық қатысу және портфолио дағдыларының күшеюі студенттердің онлайн-кеңістікте өз брендин ұсыну, е-портфолио арқылы кәсіби тарихын көрсету, білім алушыларға арналған контент жасау қабілетін арттырғанын көрсетеді (Module 5, 7, 8).

Кесте 6. Эксперименттік нәтижелердің жиынтық көрсеткіші.

Бағалау аспектісі	Алдын-ала нәтижесі	Кейінгі нәтижесі	Өсу қарқыны (%)
Педагогтың сенімділігі	3.1	4.5	+45%
Коммуникациялық анықтық	3.2	4.6	+43%
Шығармашылық	2.9	4.4	+52%
Студенттердің мотивациясы	3.0	4.7	+56%
Рефлексия дағдысы	2.8	4.5	+60%

Жалпы алғанда, эксперименттік деректер зерттеу гипотезасын растайды: егер болашақ шетел тілі мұғалімдері жеке брендин құрылымдалған тренингтер арқылы дамытса, олардың мотивациясы, кәсіби сенімділігі және оқыту тиімділігі жоғарылайды, бұл өз кезегінде студенттердің оқу уәждемесі мен үлгеріміне оң әсер етеді.

#### Қорытынды.

Бұл зерттеу болашақ шетел тілі мұғалімдерінің кәсіби келбетін қалыптастыруда цифрлық құралдар мен жеке бренд дамытудың ролін анықтауға бағытталды. Экспериментке Astana International University-де білім алатын 150 студент қатысты. Зерттеу олардың цифрлық құзыреттілігін, кәсіби өзін-өзі танытуға деген көзқарасын және жеке брендинг элементтерін оқу үдерісіне енгізуге дайындығын бағалады. Алдын-ала жүргізілген сауалнама қатысушылардың әлеуметтік желілер мен цифрлық платформаларды белсенді пайдаланатынын, алайда кәсіби имидж қалыптастыруға арналған әдістемелік білімінің жеткіліксіз екенін көрсетті. Осы қажеттіліктерге жауап ретінде «Болашақ шетел тілі мұғалімінің жеке брендин қалыптастыру» атты әдістемелік нұсқаулық әзірленді. Нұсқаулықтағы модульдер өзіндік рефлексия, кәсіби коммуникация, цифрлық имидж, портфолио құрастыру және контент өндірісі сияқты дағдыларды дамытуға бағытталды. Эксперименттік кезең нәтижесінде нұсқаулықпен жұмыс істеген топ студенттерінің сенімділігі, шығармашылығы, коммуникациялық дағдылары және рефлексия қабілеті айтарлықтай артты, ал бақылау тобында мұндай өсім шектелген күйде болды. Бұл деректер зерттеу гипотезасын толықтай растады: жүйелі әдістемелік қолдау және цифрлық құралдарды мақсатты пайдалану болашақ мұғалімдердің кәсіби

келбетін қалыптастыруға, мотивациясын арттыруға және оқыту тиімділігін жақсартуға тікелей әсер етеді.

Жалпы, осы зерттеу нәтижелері жеке брендті дамыту – жай қосымша құрал емес, заманауи педагог даярлаудағы маңызды кәсіби құзыреттілік екенін көрсетті. Жақсы қалыптасқан мұғалімнің бренді студенттердің сенімін нығайтып, оқу процесін жандандырып, шынайы, креативті және тиімді коммуникация орнатуға мүмкіндік береді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1 Deterding S., Dixon D., Khaled R., Nacke L. “Gamification” ұғымын анықтау // 15-ші Халықаралық Academic MindTrek конференциясының материалдары. – 2011. – Б. 9-15.

2 Pomäki L., Kantosalo A., Lakkala M. Цифрлық құзыреттілік – білім беру саясаты мен зерттеулеріне арналған жаңа шекаралық ұғым // *Education and Information Technologies*. – 2016. – Т. 21. – № 3. – Б. 655–679.

3 Khedher M. Әркімге арналған бренд: жеке брендті басқару жөніндегі нұсқаулық // *Journal of Global Business Issues*. – 2015. – Т. 9. – № 1. – Б. 19–27.

4 Trust T., Whalen J. Мұғалімдер әлеуметтік желілер бойынша арнайы оқытылуы керек пе? Педагогтердің көзқарастары негізіндегі зерттеу // *Teaching and Teacher Education*. – 2020. – Т. 87. – 102935.

5 Chou P.-N., Shen C.-H., Hsiao H.-S. Білім беру технологияларымен ықпалдастырылған дайындық арқылы болашақ мұғалімдердің цифрлық шығармашылығын және әдістемелік дизайн дағдыларын арттыру // *Computers & Education*. – 2021. – Т. 161. – 104061.

6 Enache I.-C. Университет бренді арқылы жоғары білімді маркетингтеу // *Procedia – Social and Behavioral Sciences*. – 2011. – Т. 15. – Б. 58–62.

7 Tour E. Мұғалімдердің өзіндік білім алуы және цифрлық дәуірдегі кәсіби болмысы // *Teaching and Teacher Education*. – 2017. – Т. 67. – Б. 21–30.

8 Тыныбаева М., Садвакасова З., Бекжанова Г. Қазақстан жоғары біліміндегі цифрлық трансформация: үрдістер мен сын-қатерлер // *International Journal of Emerging Technologies in Learning (IJET)*. – 2021. – Т. 16. – № 24. – Б. 171–183

ҒТАМР 14.35.09

## STEM БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ SMART-ЖҮЙЕЛЕР

**А.Ж. Баймуратова, А.Е. Карымсакова**

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.*

Мақалада STEM білім беру жүйесіндегі SMART-жүйелердің (smart systems) теориялық негіздері, педагогикалық әлеуеті және оларды оқу үдерісіне интеграциялау мүмкіндіктері жан-жақты қарастырылады. Зерттеуде цифрлық трансформация жағдайында ақылды жүйелердің STEM білім берудің сапасын арттырудағы, студенттердің оқу мотивациясын күшейтудегі және практикалық дағдыларын қалыптастырудағы рөлі талданады. Ақылды жүйелердің негізгі құрамдас бөліктері ретінде «Заттар интернеті» (IoT), робототехника, жасанды интеллект, деректер ғылымы, сенсорлық технологиялар, ендірілген жүйелер және бұлттық есептеу технологиялары сипатталады.

Мақалада Štuikys ұсынған ақылды оқу объектілері (Smart Learning Objects – SLO) тұжырымдамасына ерекше назар аударылып, олардың контексті сезіну, бейімделгіштік және оқу мазмұнын автоматты генерациялау мүмкіндіктері STEM-ге негізделген компьютерлік ғылымдар білімінде тиімді қолданылатыны негізделеді. Сонымен қатар, ақылды есептеу мен ақылды білім беру арасындағы өзара байланыс ашылып, олардың STEM білім беру мазмұнын жаңғыртудағы орны айқындалады.

SMART-жүйелерді STEM білім беру үдерісіне кіріктіру студенттердің технологиялық сауаттылығын арттыруға, сыни ойлау, мәселе шешу және пәнаралық құзыреттерін дамытуға мүмкіндік беретінін көрсетеді. Мақала мазмұны STEM бағытындағы педагогтерге, зерттеушілерге және білім беру бағдарламаларын әзірлеушілерге теориялық және практикалық тұрғыдан құнды болып табылады.

**Түйін сөздер:** STEM білім беру, SMART-жүйелер, ақылды білім беру, робототехника, цифрландыру.

Қазіргі замандағы технологияның қарқынды дамуы білім беру жүйесіне түбегейлі өзгерістер енгізіп, студенттер мен педагогтар үшін жаңа мүмкіндіктерді ашуда. Сандық технологиялар педагогтарға оқыту процесін әртараптандыруға, студенттердің жеке ерекшеліктерін ескеретін педагогикалық әдістерді қолдануға, сондай-ақ оқу үдерісін тиімді әрі икемді жасауға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде білім берудің сапасын арттыруға және студенттердің оқу мотивациясын күшейтуге ықпал етеді. Ақылды жүйелер контексінде STEM білім

беру практикалық және интерактивті оқытуды қамтамасыз ететін әртүрлі модельдер, технологиялар мен ресурстарды қамтиды. STEM оқытуда қолданылатын модельдер мен құралдарды таңдау студенттердің оқу деңгейіне және білім беру мақсаттарына сәйкес келуі тиіс. Сонымен қатар, студенттердің ақылды жүйелердің теориялық негіздері мен этикалық аспектілерін түсінуін қамтамасыз ету үшін тиісті бағыт-бағдар қажет. Цифрландыру қарқынды дамып отырған қазіргі қоғамда студенттердің технологиялық сауаттылығын дамыту аса маңызды. Ақылды жүйелер технологиялары студенттерге аппараттық және бағдарламалық құралдармен, сенсорлармен және деректерді талдау құралдарымен тікелей жұмыс істеуге мүмкіндік беретін тәжірибелік алаң ұсынады. Мұндай технологиялық тәжірибе студенттердің өзгермелі технологиялық ортаға бейімделуіне және цифрлық қоғамда табысты қызмет етуіне қажетті дағдыларды меңгеруіне жағдай жасайды.

«Ақылды жүйелер» (Smart systems) технологиялары STEM білім беру саласында маңызды рөл атқарады. Ең алдымен, бұл олардың нақты өмірмен тығыз байланыстылығымен түсіндіріледі. Ақылды жүйелер технологиялары күнделікті өмірде кеңінен қолданылады: ақылды үйлер, киілетін құрылғылар, автономды көліктер және өндірістік автоматтандыру жүйелері осының айқын мысалы болып табылады. Мұндай технологияларды STEM білім беру үдерісіне енгізу студенттердің олардың практикалық қолданылуын терең түсінуіне мүмкіндік беріп, робототехника, жасанды интеллект, Заттар интернеті (IoT) және деректер ғылымы сияқты болашақ кәсіби салаларға даярлығын арттырады. Бұл өз кезегінде STEM білім беруге қажетті негізгі құзыреттерді қалыптастырып, білім алушыларды нақты өмірлік мәселелерді шешуге дайындайды.

Štuikys еңбегінде робототехниканы қолдануға негізделген компьютерлік ғылымдар саласындағы ақылды оқу объектілері (Smart Learning Objects – SLO) тұжырымдамасы және оларды пайдалану арқылы жүзеге асырылатын ақылды білім беру жан-жақты қарастырылады. Автор ақылды оқу объектілерін дәстүрлі оқу мазмұнын сапалық жаңа деңгейге көтеретін зияткерлік білім беру бірліктері ретінде сипаттайды. Атап айтқанда, SLO оқу мазмұнына педагогикалық-элеуметтік және технологиялық компоненттердің терең әрі үйлесімді ықпалдасуын қамтамасыз етеді, бұл студенттердің белсенді қатысуына, бірлескен әрекетіне және танымдық үдерістерінің тиімді ұйымдастырылуына ықпал етеді.

Ақылды оқу объектілерінің маңызды ерекшелігі ретінде контексті сезіну қабілеті айқындалады, яғни олар студенттің деңгейіне, оқу мақсатына, оқу ортасына және қолданылатын құрылғыларға бейімделе алады. Мұндай бейімделгіштік оқытудың дербестендірілген сипатын күшейтіп, оқу нәтижелерінің сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Бұдан бөлек, SLO сұраныс бойынша оқу мазмұнының әртүрлі нұсқаларын автоматты түрде генерациялау мүмкіндігімен ерекшеленеді, бұл оқу материалдарын жобалау, жаңарту және қайта пайдалану үдерістерін едәуір жеңілдетеді.

Осы тұрғыда Štuikys ақылды білім беруді роботқа негізделген білім беру ортасында SLO жүйелі түрде қолдануға бағытталған кешенді модель ретінде

негіздейді. Мұндай ортада роботтар оқу үдерісінің белсенді қатысушыларына айналып, интерактивті, тәжірибеге негізделген және конструктивистік оқыту тәсілдерін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Нәтижесінде, ақылды оқу объектілерін роботтық технологиялармен ұштастыру компьютерлік ғылымдардағы STEM-ге негізделген білім беруді тиімді жүзеге асырудың теориялық, әдіснамалық және практикалық негізін қалыптастырады.

Ақылды есептеу мен ақылды білім беру өзара тығыз байланысты, бірін-бірі толықтыратын құбылыстар ретінде қарастырылады. Зерттеушілер мен практиктердің басым бөлігі ақылды есептеуді бұлттық есептеу, зияткерлік құрылғылар, интеллектуалды орта, «Заттар интернеті» (IoT), үлкен деректерді талдау, жасанды интеллект және машиналық оқыту сияқты заманауи интеллектуалды технологиялар жиынтығы ретінде сипаттайды. Бұл технологиялар деректерді жинау, өңдеу және талдау мүмкіндіктерін кеңейтіп, күрделі үдерістерді автоматтандыру мен оңтайландыруға жағдай жасайды.

Осы тұрғыда ақылды білім беруге көшу смарт есептеу мүмкіндіктеріне негізделген дамыған технологиялық инфрақұрылымсыз жүзеге асуы мүмкін емес. Ақылды есептеу білім беру ортасының бейімделгіштігін, дербестендірілуін және контексті сезіну қабілетін қамтамасыз етіп, білім алушылардың жеке қажеттіліктеріне сәйкес оқу мазмұны мен оқу қызметтерін ұсынуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ол оқу үдерісін мониторингтеу, оқу деректерін талдау және студенттердің оқу жетістіктерін болжау сияқты зияткерлік қызметтерді іске асырудың негізін қалайды.

Ақылды есептеуге қатысты көптеген тақырыптар компьютерлік ғылымдар білімінің негізгі мазмұнын құрайды. Атап айтқанда, алгоритмдер мен деректер құрылымдары, жасанды интеллект, деректер ғылымы, киберфизикалық жүйелер, желілік технологиялар және бағдарламалық жүйелер архитектурасы сияқты бағыттар STEM-ге негізделген компьютерлік ғылымдар білімінде жетекші орын алады. Осылайша, ақылды есептеу мен ақылды білім беру арасындағы өзара байланыс компьютерлік ғылымдар арқылы жүзеге асатын STEM білім берудің өзектілігін арттырып, болашақ мамандарды цифрлық және зияткерлік қоғам талаптарына сай даярлаудың теориялық әрі практикалық негізін қалыптастырады.

Ақылды білім беру өзіне тән айқындалған ерекшеліктері тұрғысынан STEM білім берумен тығыз әрі өзара сабақтас байланыста дамиды. Бұл байланыс әсіресе STEM тәсілдері негізінде жүзеге асырылатын компьютерлік ғылымдар (CS) білімінде айқын көрініс табады, өйткені мұнда технология, инженерлік ойлау, математикалық модельдеу және ғылыми әдістер біртұтас оқу үдерісіне кіріктіріледі. Осындай пәнаралық ықпалдасу ақылды педагогиканың қағидаттарын тиімді іске асыруға қолайлы орта қалыптастырады.

Мысалы, роботқа негізделген білім беру орталарын және ақылды оқу объектілерін (Smart Learning Objects – SLO) компьютерлік ғылымдар сабақтарында қолдану арқылы ақылды педагогиканың негізгі мақсаттарына қол жеткізуге болады. Аталған құралдар білім алушылардың оқу әрекетіне белсенді

қатысуын қамтамасыз етіп, теориялық білімді тәжірибелік әрекетпен ұштастыруға мүмкіндік береді.

STEM сценарийлеріне кіріктірілген SLO оқытуды саралау арқылы студенттердің дайындық деңгейі мен оқу қажеттіліктерін ескеруге, топтық бірлескен жұмысты ұйымдастыру арқылы әлеуметтік өзара әрекеттесу мен ынтымақтастықты дамытуға, сондай-ақ жекеленген оқу траекторияларын қалыптастыруға жағдай жасайды. Сонымен қатар, олар генеративті оқытуды белгілі бір дәрежеде жүзеге асыруға мүмкіндік беріп, студенттердің өз білімін белсенді түрде құрастыруына, мәселе шешу және сыни ойлау дағдыларын дамытуына ықпал етеді. Осылайша, ақылды білім беру мен STEM-ге негізделген компьютерлік ғылымдар білімінің үйлесімі заманауи білім беру талаптарына жауап беретін тиімді және инновациялық оқыту моделін қалыптастырады.

Төменде STEM білім беру үшін қолайлы «Smart жүйелер» технологиялары келтіріледі:

– Заттар интернеті (Internet of Things, IoT) IoT технологиялары физикалық объектілер мен құрылғыларды интернетке қосуға мүмкіндік беріп, деректерді жинау, талдау және басқару үдерістерін қамтамасыз етеді. Білім алушылар сенсорлар, байланыс хаттамалары және бұлтқа негізделген платформалар туралы білім алып, аппараттық құралдар, бағдарламалық қамтамасыз ету және деректердің интеграциясын көрсететін IoT жобаларын әзірлей алады.

– Робототехника интеллектуалды машиналарды құру мақсатында аппараттық құралдарды, бағдарламалық қамтамасыз етуді және басқару жүйелерін біріктіреді. STEM білім беру аясында роботтарды құрастыру және бағдарламалау, кинематика мен динамика негіздерін меңгеру, сондай-ақ компьютерлік көру мен автономды навигация сияқты бағыттарды зерттеу жүзеге асырылады.

– Жасанды интеллект (Artificial Intelligence, AI). Машиналық оқыту және терең оқыту сияқты жасанды интеллект технологиялары көптеген «ақылды жүйелердің» негізін құрайды. Студенттер AI алгоритмдерін, модельдерді оқыту әдістерін және деректерді талдау тәсілдерін меңгеру арқылы заңдылықтарды тануға, болжау жасауға немесе тапсырмаларды автономды түрде орындай алатын интеллектуалды жүйелерді әзірлей алады.

– Деректер ғылымы және аналитика (Data Science and Analytics). STEM білім беру деректерді жинау, тазалау, талдау және визуализациялау сияқты деректер ғылымының негізгі дағдыларын оқытуды қамтиды. Білім алушылар «ақылды жүйелер» өндіретін деректерден мағыналы ақпарат шығарады.

– Сенсорлық технологиялар. Өртүрлі сенсорлар мен олардың қолданылу салаларын түсіну «ақылды жүйелер» үшін аса маңызды. Студенттер температура сенсорлары, акселерометрлер, жақындау сенсорлары сияқты сенсор түрлерін зерттеп, оларды экологиялық мониторинг, робототехника немесе ақылды үй жобаларында қолдану мүмкіндіктерін қарастырады.

– Адам–машина интерфейстері (Human–Machine Interfaces, HMI). HMI технологиялары адамның «ақылды жүйелермен» интуитивті түрде өзара

әрекеттесуіне мүмкіндік береді. Студенттер сенсорлы экрандар, дауысты тану немесе қимыл арқылы басқару технологияларын зерттеп, «ақылды жүйелерді» басқару мен бақылауға арналған пайдаланушыға қолайлы интерфейстерді жобалай алады.

– Ендірілген жүйелер (Embedded Systems). Ендірілген жүйелер – бұл ауқымды жүйелер құрамында нақты функцияларды орындауға арналған компьютерлік жүйелер. Студенттер микроконтроллерлермен, әзірлеу тақшаларымен (мысалы, Arduino, Raspberry Pi) және C/C++ сияқты бағдарламалау тілдерімен жұмыс істей отырып, прототиптер жасап, «ақылды жүйелерге» арналған қолданбаларды әзірлей алады.

– Бұлттық есептеу (Cloud Computing). Бұлттық есептеу технологиялары «ақылды жүйелер» өндіретін үлкен көлемдегі деректерді сақтау, өңдеу және талдауға мүмкіндік береді. Білім алушылар Amazon Web Services (AWS), Microsoft Azure немесе Google Cloud сияқты бұлттық платформаларды пайдаланып, бұлтқа негізделген қосымшалар әзірлеуді және бұлттық ресурстардың ауқымдылығы мен қолжетімділігін тиімді қолдануды меңгереді.

– Виртуалды және толықтырылған шынайылық (Virtual and Augmented Reality, VR/AR). Виртуалды және толықтырылған шынайылық технологиялары студенттерге иммерсивті және интерактивті оқу тәжірибесін ұсынады. Студенттер бұл технологияларды виртуалды ортада «smart жүйелерді» модельдеу және визуализациялау мақсатында қолдана алады, бұл олардың ұғымдарды терең түсінуіне ықпал етіп, физикалық шектеулерсіз эксперимент жүргізуге мүмкіндік береді.

– Модельдеу және симуляциялау құралдары. Симуляциялау бағдарламалық қамтамасыз етуі мен модельдеу құралдары «smart жүйелерді» физикалық іске асыруға дейін жобалауға, модельдеуге және сынақтан өткізуге жағдай жасайды. MATLAB, Simulink немесе Unity3D сияқты құралдар «smart жүйелердің» жұмыс тиімділігін талдауға және оңтайландыруға арналған имитациялық ортаны қамтамасыз етеді.

Аталған «smart жүйелер» технологияларын STEM білім беру үдерісіне интеграциялау студенттерге тәжірибеге негізделген практикалық дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік беріп, бағдарламалау, деректерді талдау, мәселелерді шешу және сыни ойлау сияқты негізгі құзыреттерді дамытуға ықпал етеді.

«Smart-жүйелер» контекстінде STEM білімін дамытуға арналған ресурстар мыналар жатады:

– Онлайн курстар: Coursera, edX және Udemy сияқты платформалар «Smart-жүйелер» және STEM салаларына қатысты кең ауқымды онлайн курстар ұсынады. Бұл курстар робототехника, жасанды интеллект, Интернет заттары (IoT), деректер талдау және басқа да тақырыптарды қамтиды. Олар құрылымдық оқу материалдарын, бейне дәрістерді, тест тапсырмаларын және жаттығуларды ұсына отырып, оқыту процесін қолдайды.

– Білім беру веб-сайттары: Khan Academy, Code.org және STEM Learning сияқты веб-сайттар STEM білімін дамытуға арналған тегін оқу ресурстарын, оқулықтарды және іс-әрекеттік материалдарды ұсынады. Бұл платформалар

кодтау, робототехника, электроника және басқа да байланысты тақырыптар бойынша сабақтар өткізеді, әртүрлі жас топтары мен дағдылар деңгейіне сәйкес келеді.

– Ашық көзді платформалар мен қауымдастықтар: GitHub және Hackster.io сияқты платформалар «smart-жүйелерге» қатысты ашық көзді жобалар мен ресурстарға қол жеткізу мүмкіндігін береді. Бұл платформалар студенттер мен оқытушыларға жобаларды зерттеуге, код репозиторийлеріне қол жеткізуге және әзірлеушілер қауымдастығымен ынтымақтастықта жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

– STEM білім беру жиынтықтары: Әр түрлі компаниялар мен ұйымдар «Смарт-жүйелерге» арналған STEM білім беру жиынтықтарын ұсынады. Мысалға Arduino жиынтықтары, Raspberry Pi бастапқы жиынтықтары, LEGO Mindstorms робототехника жиынтықтары және IoT әзірлеу жиынтықтары жатады. Бұл жиынтықтар әдетте аппараттық компоненттер, сенсорлар және бағдарламалау ресурстарымен жабдықталған, оқушыларға тәжірибелік білім алуға мүмкіндік береді.

– Maker Space және Fab Lab зертханалары: Maker space және Fab Lab зертханалары студенттерге тәжірибелік зерттеу және тәжірибе жасауға арналған құрал-жабдықтар, материалдар мен кеңістік ұсынады. Олар «smart-жүйелер» және басқа STEM салаларына қызығушылық танытқан студенттерге ресурстар, семинарлар және тәлімгерлік қолдау көрсетеді.

– Вебинарлар мен конференциялар: «Smart-жүйелер» және STEM білімін дамытуға арналған вебинарлар мен конференциялар сарапшылардан білім алуға, жаңа технологиялар туралы ақпарат жинауға және саланың кәсіби мамандарымен байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Мысалы, IEEE және басқада ұйымдар осы тақырыпқа арналған вебинарлар мен конференциялар өткізеді.

– Онлайн форумдар мен қауымдастықтар: Онлайн форумдар мен қауымдастықтар студенттер мен оқытушыларға қолдау көрсету, ресурстармен бөлісу және пікір алмасу мүмкіндігін береді. Stack Overflow, Reddit және «smart-жүйелер» тақырыбына арналған арнайы форумдар студенттер мен оқытушыларға сұрақ қоюға, білім бөлісуге және талқылауларға қатысуға мүмкіндік береді.

– STEM сайыстары мен челленджері: «Смарт-жүйелерге» қатысты STEM сайыстар мен челленджерге қатысу білім мен дағдыларды қолданудың қызықты тәсілі болып табылады. FIRST Robotics Competition, Intel International Science and Engineering Fair сияқты жарыстар студенттерге өз қабілеттерін көрсету және проблемаларды шешу дағдыларын дамыту мүмкіндігін береді.

– Жергілікті оқу орындары мен ұйымдар: Жергілікті университеттер, ғылыми-зерттеу институттары және STEM бағытындағы ұйымдар «Смарт-жүйелер» және STEM білімін дамытуға арналған семинарлар, шеберлік сыныптар және оқу бағдарламаларын ұсынады. Олардың ресурстарын және іс-шараларын пайдалану студенттерге құнды оқу мүмкіндіктері мен кәсіби байланыс орнатуға жол ашады.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1 Макеев Б.К., Беккасимова Д.Т., Жылқыбаев Т.С., Конысбек Д.Т. Ғылыми жобалар әзірлеудегі STEM технология // Шәкәрім университетінің хабаршысы. Техникалық ғылымдар. № 4(8), 2022. – 42-48 б.

2 Байганова А.М., Наурызова Н.К. STEM оқытуға арналған программалық жабдықты әзірлеу // Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Хабаршысы ғылыми журналы, 75(1). <https://doi.org/10.70239/arsu.2024.t75.n1.02>

3 Рахметов М.Е., Жусупкалиева Г.К., Салтанова Ғ.А., Куанбаева Б.У. Болашақ информатика педагогтарын STEM технологиясы негізінде даярлықтарын жетілдіру: суретші роботты құру әдістемесі // «Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы» журналы, «Педагогика ғылымдары» сериясы, Том 75, № 4 (2024). <https://doi.org/10.48371/PEDS.2024.75.4.020>

4 Қадырбаева Р.И., Абдрахманова Х.К., Кудайбергенова К.Б. (2024). Bilim berýdi cifrlandyry jaǵdaynda stem-oqytýdy qoldanýdyń didaktikikalıyq núsqaýlary // Ясави университетінің бюллетені, 2 (132), 204-217.

5 Štuikys V (2015) Smart learning objects for smart education in computer science: theory, methodology and robot-based implementation. Springer, New York.

6 Adrienne Decker, Monica M. McGill «A Systematic Review Exploring the Differences in Reported Data for Pre-College Educational Activities for Computer Science, Engineering, and Other STEM Disciplines» Education. Science. 2019. <https://doi.org/10.3390/educsci9020069>.

ҒТАМР 14.35.05

## БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕСІН ДАМЫТУДАҒЫ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ ӘЛЕУЕТІ

**Ж.Д. Ошакбаев**

*Пс.ғ.маг. Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.*

**О.С. Сангилбаев**

*Пс.ғ.д., профессор, Тұран университеті, Алматы қ.*

Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік-мәдени өзгерістер мен білім беру жүйесінің цифрлық трансформациясы болашақ мұғалімдерді даярлау мазмұнына жаңа талаптар қойып отыр. Әсіресе патриоттық тәрбие мәселесі өзектілігін арттырып, оны жүзеге асырудың заманауи тетіктерін іздестіру қажеттігін туындатады. Аталған мақалада болашақ мұғалімдердің патриоттық тәрбиесін дамытуда жасанды интеллект (ЖИ) технологияларының педагогикалық әлеуеті қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – жасанды интеллектке негізделген технологияларды қолдану арқылы болашақ мұғалімдердің патриоттық құндылықтарын қалыптастырудың мүмкіндіктерін ғылыми тұрғыдан негіздеу. Зерттеу барысында ғылыми әдебиеттерді талдау, салыстыру және педагогикалық модельдеу әдістері қолданылды. Зерттеу нәтижелері жасанды интеллект технологиялары тәрбиелік үдерісті дараландыруға, студенттердің азаматтық жауапкершілігін арттыруға және олардың цифрлық құзыреттілігін дамытуға ықпал ететінін көрсетті. Алынған қорытындылар жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде тәрбиелік жұмысты жетілдіруге бағытталған.

**Түйін сөздер:** патриоттық тәрбие, болашақ мұғалімдер, жасанды интеллект, цифрлық педагогика, құндылықтарды қалыптастыру.

Қазіргі жаһандану үдерісі мен ақпараттық қоғамның дамуы жастардың құндылықтық бағдарларына елеулі ықпал етуде. Осы тұрғыда патриоттық тәрбие қоғамның тұрақты дамуын қамтамасыз ететін маңызды факторлардың бірі ретінде қарастырылады. Болашақ мұғалімдердің патриоттық тәрбиесі ерекше маңызға ие, себебі мұғалім кәсіби қызметінде тек білім беруші ғана емес, сонымен қатар ұлттық сана мен азаматтық жауапкершілікті қалыптастырушы тұлға болып табылады [1].

Соңғы жылдары білім беру саласында цифрлық технологиялар мен жасанды интеллекттің қарқынды дамуы педагогикалық үдерістердің мазмұны

мен ұйымдастырылуына елеулі өзгерістер енгізді. Ғылыми зерттеулерде көрсетілгендей, цифрлық және интеллектуалды технологиялар студенттердің оқу-танымдық белсенділігін арттырып, олардың жеке ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік береді [2]. Бұл жағдай патриоттық тәрбиені жүзеге асыруда да жана тәсілдерді қолдану қажеттігін айқындайды.

Алайда болашақ мұғалімдердің патриоттық тәрбиесін дамытуда жасанды интеллект технологияларын мақсатты әрі жүйелі қолдану мәселесі әлі де жеткілікті деңгейде зерттелмеген. Осыған байланысты зерттеудің мақсаты – жасанды интеллект технологияларының болашақ мұғалімдердің патриоттық тәрбиесін дамытудағы әлеуетін анықтау және оны педагогикалық тұрғыдан негіздеу.

#### *Зерттеу әдістемесі.*

Бұл зерттеу болашақ мұғалімдердің патриоттық тәрбиесін дамытуда жасанды интеллект технологияларының әлеуетін анықтауға бағытталған. Зерттеудің әдіснамалық негізін педагогика және психология ғылымдарындағы құзыреттілікке негізделген, тұлғалық-бағдарлы және цифрлық білім беру тұжырымдамалары құрады.

Зерттеу барысында отандық және шетелдік ғалымдардың болашақ мұғалімдерді даярлау, патриоттық тәрбие, цифрлық технологиялар және жасанды интеллектті білім беру үдерісінде қолдану мәселелеріне арналған ғылыми еңбектері талданды [1–10]. Әдебиеттерді талдау болашақ мұғалімдердің патриоттық тәрбиесін зерттеуде қолданылатын негізгі әдістерді, тәсілдерді және зерттеу бағыттарын жүйелеуге мүмкіндік берді.

Осы мақсатта жүктелген ғылыми мақалалар негізінде зерттеу әдістемелерін салыстырмалы талдау жүргізіліп, олардың мазмұны төмендегі кестеде жинақталды.

*Кесте 1. Болашақ мұғалімдердің патриоттық тәрбиесін зерттеуде қолданылған әдістердің салыстырмалы талдауы.*

№	Авторлар	Зерттеу нысаны	Қолданылған әдістер	Негізгі бағыт
1	Лаптун В.И., Сафонов В.И.	Болашақ педагогтарды даярлау	Теориялық талдау, педагогикалық модельдеу	ИКТ арқылы патриоттық тәрбие
2	Хорошилова М.В. және т.б.	Болашақ мұғалімдердің даярлығы	Диагностика, сауалнама, деңгейлік талдау	Цифрлық ортадағы патриоттық тәрбие
3	Саяпин В.Н., Мирошниченко Т.С.	Болашақ мұғалімдер	Құжаттарды талдау, анкеталау	Кәсіби-тәрбиелік даярлық
4	Царапкина Ю.М. және т.б.	Педагогтердің кәсіби қызметі	Теориялық талдау, эксперимент	Жасанды интеллект және педагогтің дамуы
5	Faiz M., Karasu Avcı E.	Студент-мұғалімдер	Сауалнама, статистикалық талдау	Патриоттық көзқарастарды өлшеу

6	Malkoç S., Öztürk F.	Ғылыми мақалалар	Контент-талдау	Патриоттық тәрбиенің теориялық негіздері
7	Zhou Q.	Білім алушылар	Модельдеу, деректерді талдау	ЖИ-негізіндегі дербестендірілген модель
8	Huang X. және т.б.	Университет студенттері	Data mining, эксперимент	Идеологиялық тәрбиеде ЖИ қолдану
9	Wang Q., Luo J.	Орта білім беру	Әдеби шолу, кейс-талдау	ЖИ дәуіріндегі тәрбиелік стратегиялар
10	Fedorova S. және т.б.	Университет студенттері	Эмпирикалық зерттеу, бақылау	Цифрлық технологиялар және патриоттық тәрбие

Кестеде көрсетілгендей, зерттелген ғылыми еңбектерде болашақ мұғалімдердің патриоттық тәрбиесін зерттеуде әртүрлі әдістер қолданылған. Олардың ішінде теориялық талдау, сауалнама, диагностикалық әдістер, педагогикалық модельдеу және цифрлық деректерді талдау кеңінен пайдаланылған. Бұл зерттеу әдістерінің көптүрлілігі патриоттық тәрбиенің кешенді педагогикалық құбылыс екенін көрсетеді.

Осыған байланысты аталған зерттеуде әдебиеттерді жүйелі талдау, салыстыру және педагогикалық модельдеу әдістері негізгі әдістер ретінде алынды. Бұл тәсілдер жасанды интеллект технологияларының болашақ мұғалімдердің патриоттық тәрбиесін дамытудағы әлеуетін жан-жақты қарастыруға мүмкіндік берді.

*Зерттеу нәтижелері.*

Зерттеу нәтижелері жасанды интеллект технологияларының болашақ мұғалімдердің патриоттық тәрбиесін дамытуда елеулі педагогикалық әлеуетке ие екенін көрсетті. Ең алдымен, жасанды интеллект тәрбиелік мазмұнды студенттердің жеке қызығушылықтары мен құндылықтық бағдарларына сәйкес дараландыруға мүмкіндік береді [6]. Бұл өз кезегінде студенттердің патриоттық тақырыптарға деген қызығушылығын арттырып, тәрбиелік үдерістің тиімділігін күшейтеді.

Сонымен қатар, цифрлық платформалар мен интеллектуалды жүйелер арқылы патриоттық мазмұнды интерактивті түрде ұсыну студенттердің оқу мотивациясын күшейтіп, олардың азаматтық жауапкершілік сезімін қалыптастыруға ықпал етеді [7]. Жасанды интеллект студенттердің оқу және тәрбиелік әрекеттерін талдау арқылы олардың патриоттық дамуының динамикасын бақылауға және тәрбиелік жұмысты дер кезінде түзетуге мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында жасанды интеллектке негізделген патриоттық тәрбие моделі ұсынылды. Аталған модель болашақ мұғалімдердің патриоттық санасын қалыптастыруды жүйелі және кешенді түрде жүзеге асыруға бағытталған.

Модельдің құрылымы үш өзара байланысты компоненттен тұрады: когнитивтік, құндылықтық және іс-әрекеттік.

Когнитивтік компонент болашақ мұғалімдердің Отан, ұлттық тарих, мәдени мұра, мемлекеттік рәміздер және азаматтық борыш туралы білімін қалыптастыруды көздейді. Бұл компонент аясында жасанды интеллект негізіндегі цифрлық білім беру платформалары мен дербестендірілген контент қолданылады. Жасанды интеллект студенттердің білім деңгейін талдау арқылы патриоттық мазмұнды олардың танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес ұсынады.

Құндылықтық компонент болашақ мұғалімдердің патриоттық сезімін, ұлттық құндылықтарға деген құрметін және азаматтық жауапкершілігін дамытуға бағытталған. Бұл кезеңде жасанды интеллект студенттердің құндылықтық бағдарларын диагностикалау, рефлексиялық тапсырмаларды ұйымдастыру және олардың патриоттық ұстанымдарының өзгерісін бақылау құралы ретінде қолданылады. Интерактивті цифрлық орта студенттердің эмоциялық қатысуын күшейтіп, тәрбиелік ықпалдың нәтижелілігін арттырады.

Іс-әрекеттік компонент болашақ мұғалімдердің патриоттық құндылықтарды практикалық қызметте жүзеге асыруын қамтамасыз етеді. Бұл компонент аясында жобалық жұмыстар, цифрлық ортадағы тәрбиелік іс-шаралар, әлеуметтік бағыттағы онлайн-жобалар және виртуалды симуляциялар қолданылады. Нәтижесінде болашақ мұғалімдер патриоттық білім мен құндылықтарды нақты әрекет арқылы бекітіп, оларды кәсіби педагогикалық қызметінде қолдануға дайындалады.

Осылайша, ұсынылған модель жасанды интеллект технологияларын болашақ мұғалімдердің патриоттық тәрбиесін ұйымдастырудың тиімді педагогикалық құралы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

#### *Талқылау.*

Алынған зерттеу нәтижелері отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерімен үндес келеді. Бірқатар зерттеулерде жасанды интеллект технологиялары тәрбиелік үдерісті дараландыруға, студенттердің белсенділігін арттыруға және олардың құндылықтық бағдарларын тереңдетуге мүмкіндік беретіні көрсетілген [5], [8]. Бұл зерттеуде алынған нәтижелер аталған тұжырымдарды болашақ мұғалімдердің патриоттық тәрбиесі контекстінде толықтырады.

Сонымен қатар, ғылыми әдебиеттерде жасанды интеллект технологияларын қолдану барысында бірқатар тәуекелдерге назар аударылады. Атап айтқанда, тәрбиелік үдерісте адамгершілік қарым-қатынастың әлсіреуі және педагогтің жетекші рөлінің төмендеуі мүмкін екені көрсетіледі [4], [10]. Осыған байланысты жасанды интеллект технологиялары болашақ мұғалімдердің патриоттық тәрбиесінде педагогтің жетекшілігімен, тәрбиелік мақсаттарға сәйкес және этикалық талаптарды сақтай отырып қолданылуы тиіс.

Алынған зерттеу нәтижелері жасанды интеллект технологияларын болашақ мұғалімдердің патриоттық білімін дамытуда қолданудың ғылыми және практикалық маңызын көрсетеді. Бұл нәтижелер заманауи педагогикалық

зерттеулерде ұсынылған жасанды интеллекттің білім беру мен тәрбиедегі мүмкіндіктері туралы тұжырымдармен сәйкес келеді.

Бірқатар зерттеулерде жасанды интеллекттің білім беру мазмұнын дараландыруға, студенттердің танымдық белсенділігін арттыруға және олардың құндылықтық бағдарларын қалыптастыруға ықпал ететіні көрсетілген. Бұл зерттеуде алынған нәтижелер аталған тұжырымдарды патриоттық білім беру контекстінде нақтылайды және болашақ мұғалімдерді даярлау жүйесіне бейімдейді.

Сонымен қатар, жасанды интеллектті қолдану патриоттық білім берудің дәстүрлі, бірізді үлгілерінен бас тартып, оны тұлғалық-бағдарлы және рефлексияға негізделген үдеріс ретінде ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Бұл болашақ мұғалімдердің патриоттық құндылықтарды саналы түрде қабылдауына және оларды кәсіби қызметінде жүзеге асыруға даярлығын арттырады.

Алайда алынған нәтижелер жасанды интеллектті қолдануда бірқатар шектеулерді де ескеру қажеттігін көрсетеді. Атап айтқанда, жасанды интеллект педагогтің тәрбиелік рөлін алмастырмай, оны толықтырушы құрал ретінде қолданылуы тиіс. Патриоттық білім берудің гуманистік сипатын сақтау мақсатында педагогтің жетекші және құндылықтық бағыттаушы рөлі шешуші мәнге ие болып қала береді.

Осы тұрғыда жасанды интеллект пен педагогтің өзара ықпалдастығы болашақ мұғалімдердің патриоттық білімін дамытудағы тиімді модель ретінде қарастырылады.

*Қорытынды.*

Жүргізілген зерттеу жасанды интеллект технологиялары болашақ мұғалімдердің патриоттық тәрбиесін дамытуда жоғары педагогикалық әлеуетке ие екенін дәлелдеді. Жасанды интеллектке негізделген патриоттық тәрбие моделі болашақ мұғалімдердің патриоттық санасын, азаматтық жауапкершілігін және цифрлық құзыреттілігін кешенді түрде қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижелері жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде тәрбиелік жұмысты жаңғыртуға және жасанды интеллект технологияларын патриоттық тәрбие үдерісіне тиімді енгізуге негіз бола алады. Алдағы уақытта ұсынылған модельді тәжірибелік-эксперименттік тұрғыда сынақтан өткізу және оның тиімділігін эмпирикалық деректер арқылы дәлелдеу болашақ зерттеулердің негізгі бағыты ретінде қарастырылады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1 Лаптун В.И., Сафонов В.И. Болашақ педагогтарды оқушылардың патриоттық тәрбиесіне даярлауда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану // Халықаралық ғылыми-зерттеу журналы. – 2021. – №7. – Б. 72–78.

2 Хорошилова М.В., Мокрецова Л.А., Швец Н.А. Цифрлық ортада болашақ мұғалімнің патриоттық тәрбиеге дайындығы деңгейін диагностикалау // Қазан педагогикалық журналы. – 2022. – №6. – Б. 113–120.

3 Саяпин В.Н., Мирошниченко Т.С. Болашақ мұғалімдерді кәсіби тәрбиелеу – даярлау кезеңіндегі өзекті мәселе // Мир науки. Педагогика и психология. – 2023. – Т.11, №4.

4 Царапкина Ю.М. және т.б. Кәсіби-педагогикалық қызметте жасанды интеллектті қолдану педагогтің өзін-өзі дамытуының негізі ретінде // Мир науки. Педагогика и психология. – 2024. – Т.12, №3.

5 Faiz M., Karasu Avcı E. Prospective teachers' patriotic attitudes // International Journal of Psychology and Educational Studies. – 2020. – Vol. 7, No.1. – P. 124–134.

6 Malkoç S., Öztürk F. Education of patriotism: thematic analysis // International Journal of Progressive Education. – 2021. – Vol. 17, No.6. – P. 144–158.

7 Zhou Q. Design of an artificial intelligence-driven personalized patriotism education model // Advances in Education, Humanities and Social Science Research. – 2025. – Vol. 13. – P. 832–838.

8 Huang X. et al. Effectiveness of ideological and political education reform based on artificial intelligence // Journal of Intelligent & Fuzzy Systems. – 2020.

9 Wang Q., Luo J. Strategies for improving ideological and political education in the era of artificial intelligence // International Journal of High Speed Electronics and Systems. – 2025.

10 Fedorova S., Ivanova D., Balysheva K. Digital technologies in civic and patriotic education of students // E3S Web of Conferences. – 2021. – Vol. 273.

ГРНТИ 14.35.09

## БУДУЩЕЕ ЦИФРОВЫХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ РЕСУРСОВ: КЛЮЧЕВЫЕ ТЕНДЕНЦИИ И ПУТИ РАЗВИТИЯ

**В.Д. Николенко, А.В. Никульшин**

*Магистранты, Карагандинский индустриальный университет, г. Темиртау*

**Г.А. Сивякова**

*К.т.н, доцент, Карагандинский индустриальный университет, г. Темиртау*

В статье исследуются ключевые тенденции и перспективы развития цифровых образовательных ресурсов в условиях цифровизации образования. На основе системного анализа 15 научных источников за 2022–2025 годы выявлен ежегодный рост применения искусственного интеллекта (ИИ) для персонализации обучения на 15–23% и доли открытых образовательных ресурсов до 30%. Рассмотрены основные вызовы – цифровое неравенство, этические проблемы ИИ, дефицит компетенций и инфраструктурные барьеры – с предложением мер по их преодолению. Результаты подтверждают, что адаптивные образовательные системы на основе ИИ повысят эффективность и доступность образования, способствуя его устойчивому развитию.

**Ключевые слова:** цифровые образовательные ресурсы, искусственный интеллект, персонализация обучения, открытые образовательные ресурсы, адаптивные образовательные системы, цифровизация образования, этические аспекты применения ИИ.

В условиях ускоренной цифровизации общества образование подвергается существенным трансформациям, обусловленным интеграцией инновационных технологий, таких как искусственный интеллект (ИИ), виртуальная реальность (VR, Virtual Reality) и онлайн-платформы, что подчеркивает необходимость анализа перспектив развития цифровых образовательных ресурсов (ЦОР) [1, 2]. Глобальные тенденции, включая воздействие пандемии COVID-19, стимулировали переход к дистанционным и гибридным формам обучения, где ЦОР выступают ключевым инструментом обеспечения доступности и качества образования для различных категорий обучающихся, в том числе для лиц с особыми образовательными потребностями [3–5]. Практически во всех странах мира наблюдается увеличение спроса на специалистов, обладающих цифровыми компетенциями, что способствует эволюции образовательных программ в направлении включения элементов ИИ и адаптивных образовательных систем,

под которыми понимаются цифровые системы обучения, способные динамически изменять содержание, темп и формы представления учебного материала в зависимости от индивидуальных особенностей и активности обучающихся [6–8].

В данной статье проводится анализ современного состояния вопроса по разработке адаптивного учебного портала с интеграцией цифровых ресурсов на основе ИИ, что отражает актуальные тенденции в области автоматизации и управления образовательными процессами [9, 10]. Такой портал позволяет проводить анализ активности пользователей через технологию обработки естественного языка (NLP, Natural Language Processing) и интегрированные форумы, способствуя динамической адаптации контента и повышению вовлеченности обучающихся, что соответствует глобальным целям устойчивого развития, включая цель №4 Организации Объединенных Наций по обеспечению всеобъемлющего и качественного образования [2, 11, 12]. Вместе с тем, внедрение ЦОР сопряжено с вызовами, такими как этические аспекты использования ИИ (включая предвзятость данных) и проблемы цифрового неравенства, требующими комплексных подходов к их разрешению [5, 13].

Цель исследования заключается в выявлении ключевых тенденций и путей развития ЦОР в контексте цифровизации образования, с акцентом на перспективы адаптивных порталов для индивидуализации обучения [14, 15].

Научная гипотеза предполагает, что эволюция ЦОР на основе ИИ, включая механизмы анализа пользовательских данных и интеграцию форумов, позволит повысить эффективность и доступность образования в перспективе [7, 9, 11].

#### *Материалы и методы.*

Для проведения исследования был использован системный анализ научной литературы, охватывающей период 2022–2025 годов, с целью выявления ключевых тенденций и путей развития ЦОР. Общий объем проанализированных материалов составил 15 источников: 12 русскоязычных публикаций из баз данных РИНЦ, CyberLeninka и eLIBRARY, а также 3 зарубежных статей и аналитических обзоров. Выбор источников осуществлялся по критериям релевантности к теме настоящей статьи с акцентом на аспекты адаптивных образовательных систем, ИИ и персонализации обучения.

Методика исследования включала синтез данных из источников, их классификацию по типам: тенденции (цифровизация и интеграция технологий), вызовы (этические и инфраструктурные проблемы) и пути развития (рекомендации по внедрению). Для обеспечения объективности применялся сравнительный подход, где отечественные публикации сопоставлялись с международными, подчеркивая общие тренды, такие как рост использования открытых образовательных ресурсов (ООР) для повышения доступности. Анализ учитывал междисциплинарный характер источников, объединяя педагогические, технологические и экономические аспекты, что соответствует задачам диссертации по интеграции форумов и анализа пользовательских данных в адаптивных порталах.

*Ключевые тенденции развития цифровых образовательных ресурсов.*

Цифровизация образования представляет собой процесс интеграции современных технологий в учебный процесс. Это приводит к росту использования адаптивных образовательных систем и ИИ для индивидуализации обучения [1, 6]. Такие изменения позволяют создавать более гибкие и эффективные формы обучения, где содержание подстраивается под потребности каждого обучающегося.

В период 2022–2025 годов наблюдается значительный подъем интереса к компьютерному мышлению и VR-технологии. Эти направления становятся основными в развитии ЦОР. Они отражают глобальный тренд на создание сред с полным погружением для повышения вовлеченности обучающихся [3, 4]. Технология VR позволяет моделировать реальные ситуации, что особенно полезно для практических занятий в различных дисциплинах, а компьютерное мышление развивает навыки анализа и решения задач в цифровой среде [6, 15].

Адаптивные платформы с NLP-технологией позволяют анализировать активность пользователей. Они подстраивают контент под их нужды, открывая новые возможности для персонализированного подхода к обучению [9, 10]. Такие системы используют цифровые аватары (виртуальные агенты, представляющие человека или ИИ в цифровой среде и имитирующие внешность, голос и поведение) как посредников в обучении. Это усиливает взаимодействие и делает процесс более естественным и привлекательным [5, 10].

Персонализация обучения с использованием ИИ выступает одной из центральных тенденций цифровизации образования. Образовательные ресурсы адаптируются к индивидуальным траекториям обучающихся за счёт анализа данных и формирования рекомендаций, что повышает качество обучения и мотивацию [5, 11, 12]. Такой подход учитывает когнитивные особенности каждого обучающегося, способствуя формированию устойчивых навыков в условиях быстрых технологических изменений [8, 15].

Интеграция ИИ-технологий с ООР расширяет доступность материалов, снижая финансовые и организационные барьеры для глобального образования [2, 12]. Рост использования ООР достиг 30% к 2025 году, что обеспечило расширение аудитории, включая лиц с особыми образовательными потребностями [5, 12, 14]. Такие ресурсы классифицируются по типам и целям, что упрощает их применение в адаптивных образовательных системах [11, 14].

Переход к гибридным моделям обучения сочетает онлайн– и оффлайн-формы, обеспечивая большую гибкость и доступность для обучающихся. Форумы и анализ активности интегрируются в цифровые порталы, создавая условия для динамического взаимодействия [8, 15]. Такие модели повышают устойчивость образования в кризисных ситуациях, включая пандемию, и способствуют развитию метанавыков (надпрофессиональных умений, таких как самообучение, адаптивность и критическое мышление) [1, 3]. Как показано в таблице 1, классификация этих тенденций демонстрирует их тесную взаимосвязь с адаптивными образовательными системами.

Таблица 1. Классификация ключевых тенденций развития ЦОР (2022–2025 гг.).

Тенденция	Описание	Связь с адаптивными образовательными системами
Персонализация через ИИ	Адаптация контента под индивидуальные нужды обучающегося с использованием алгоритмов анализа данных	Формирование индивидуальных учебных траекторий на основе рекомендаций
Интеграция VR/AR	Создание сред полного погружения для практических занятий и симуляций	Усиление вовлеченности через визуальные и интерактивные элементы
Открытые образовательные ресурсы	Обеспечение бесплатного доступа к материалам для снижения барьеров	Расширение базы контента для динамической адаптации
Этические аспекты применения ИИ	Регулирование предвзятости и защиты конфиденциальности данных в системах	Гарантия справедливости и надежности анализа пользовательской активности
Гибридные модели обучения	Сочетание онлайн– и оффлайн-форм для повышения гибкости и доступности	Поддержка смешанных траекторий с автоматической адаптацией под режим
Интеграция социальных элементов	Внедрение форумов и инструментов совместной работы для взаимодействия	Анализ обсуждений для динамической корректировки образовательного контента
Развитие метанавыков	Формирование навыков самообучения, адаптации и критического мышления в цифровой среде	Поддержка долгосрочного обучения через персонализированные рекомендации

*Примечание. Составлено авторами на основе анализа источников*

Как показано в таблице 1, ключевые тенденции развития ЦОР носят взаимосвязанный характер и ориентированы на формирование адаптивных образовательных систем. На рисунке 1 представлена обобщенная модель адаптивной образовательной системы ЦОР на основе ИИ.



Рисунок 1. Обобщённая модель адаптивной образовательной системы ЦОР на основе ИИ.

Представленная на рисунке 1 модель отражает последовательный и частично циклический процесс, включающий формирование модели пользователя на основе его индивидуальных характеристик и учебной активности, анализ пользовательских данных с применением NLP-технологий, персонализацию учебных траекторий, а также интеграцию форумов для организации коллективного взаимодействия и генерации рекомендаций по образовательному контенту [9, 11].

Анализ выявленных тенденций свидетельствует о формировании междисциплинарного подхода к цифровизации образования, где педагогика тесно взаимодействует с информационными технологиями для создания устойчивых образовательных экосистем [2, 15]. Интеграция социальных элементов, в частности форумов, усиливает коллективное обучение и повышает вовлеченность участников в гибридных моделях [1, 4]. Особое значение приобретают этические аспекты применения ИИ, обеспечивающие справедливость анализа данных и защиту конфиденциальности [7, 13]. В целом, рассмотренные тенденции открывают широкие перспективы для разработки адаптивных образовательных систем, в которых персонализация обучения гармонично сочетается с этическими принципами, способствуя долгосрочной эффективности и доступности образования [8, 9].

#### *Вызовы развития цифровых образовательных ресурсов.*

Несмотря на преимущества цифровизации, внедрение ЦОР сопряжено с существенными вызовами. Главным среди них остается цифровое неравенство – ограниченный доступ к технологиям для отдельных групп населения [2, 5]. Оно усугубляется инфраструктурными проблемами, такими как отсутствие стабильного интернета или современных устройств, что особенно критично для

лиц с особыми образовательными потребностями и регионов с низким уровнем развития [4, 5]. Согласно глобальным тенденциям, такой разрыв усиливает социальные диспропорции, делая преимущества цифровизации доступными преимущественно привилегированным слоям и подрывая принципы всеобъемлющего образования [2, 8].

Важным вызовом выступают этические аспекты применения ИИ, включая риски предвзятости алгоритмов и академического плагиата, что требует разработки строгих регуляций и кодексов [7, 13]. Алгоритмы ИИ могут воспроизводить стереотипы из обучающих данных, снижая справедливость персонализации в адаптивных образовательных системах [2, 13]. Решение этих проблем предполагает акцент на анализе реальной активности пользователей с соблюдением этических норм [9, 10].

Кроме того, дефицит цифровых компетенций у педагогов и обучающихся затрудняет эффективное использование технологий ЦОР. Анализ подготовки кадров для цифровой экономики подчеркивает необходимость системного повышения квалификации [1, 6]. Это связано с трансформацией роли педагога, который должен осваивать новые навыки работы с ИИ [6, 7]. Экономические аспекты требуют значительных инвестиций в инфраструктуру регионов для обеспечения равного доступа к ЦОР для всех категорий обучающихся [8, 12].

Наконец, несовместимость технологий и недостаток ресурсов создают барьеры для реализации адаптивных образовательных систем, нуждаясь в комплексной модернизации [1, 8]. В целом, вызовы носят не только технический, но и социальный характер, требуя междисциплинарного подхода для устойчивого внедрения ЦОР [5, 15]. Сбалансированный учет этих факторов позволит сочетать технологические инновации с этическими и социальными мерами, обеспечивая долгосрочное развитие образования [11, 15].

#### *Результаты исследования.*

Анализ источников позволил выявить ключевые показатели, подтверждающие тенденции цифровизации образования. Рост использования ИИ для персонализации обучения составляет 15–23% ежегодно в период 2022–2025 годов, что отражает повышенный спрос на адаптивные образовательные системы в высшем образовании [6, 7]. Это подтверждается расширением подготовки специалистов в сфере информационных технологий: число выпускников соответствующих программ увеличилось с 42 тысяч в 2020 году до 58 тысяч в 2022 году, с дальнейшей экстраполяцией роста, подчеркивающей центральную роль ИИ в формировании индивидуальных учебных траекторий [3, 6]. Кроме того, доля ООР в высшем образовании выросла с 8% в 2015 году до 30% в 2025 году, способствуя снижению барьеров доступности для различных категорий обучающихся [12, 14].

Полученные данные свидетельствуют о формировании устойчивых образовательных экосистем, где персонализация гармонично сочетается с соблюдением этических норм, минимизируя риски предвзятости данных [11, 13]. Глобальные тенденции, включая интеграцию VR-технологии и форумов, повышают вовлеченность участников, открывая перспективы для адаптивных

образовательных систем с анализом пользовательской активности [4, 9]. Динамика роста использования ИИ-технологий и ООР за 2015–2025 годы представлена на рисунке 2 [3, 6, 12].




Рисунок 2. Динамика роста использования ИИ в ЦОР за 2015–2025 годы.

В целом, результаты подтверждают гипотезу исследования: развитие ЦОР на основе ИИ способствует повышению эффективности и доступности образования, стимулируя междисциплинарные подходы к его устойчивому развитию [2, 15].

#### *Обсуждение результатов.*

Полученные результаты подтверждают, что цифровизация способствует значительному прогрессу в персонализации обучения. Рост использования ИИ для адаптации учебных траекторий составляет 15–23% ежегодно, что согласуется с глобальными тенденциями устойчивого развития образования [6, 11]. Данные динамики роста, представленные на рисунке 2, демонстрируют стабильное увеличение показателей как для ИИ в персонализации (с 8% в 2015 году до 23% в 2025 году), так и для ООР (с 8% до 30%), с заметным ускорением после 2020 года под влиянием пандемии COVID-19 и перехода к гибридным моделям [3, 4, 12]. Это свидетельствует о формировании экосистем, где открытые ресурсы интегрируются с ИИ для снижения барьеров доступности, особенно для лиц с особыми образовательными потребностями, повышая вовлеченность и эффективность обучения [5, 14]. Вместе с тем, сравнение с международными отчетами показывает, что такой рост требует строгого баланса между инновациями и этическими нормами во избежание предвзятости алгоритмов [2, 13].

Динамика роста подчеркивает потенциал адаптивных образовательных систем для анализа активности пользователей, что усиливает вовлеченность

обучающихся в гибридных моделях и открывает перспективы междисциплинарного подхода с акцентом на развитие метанавыков (надпрофессиональных умений, таких как самообучение, критическое мышление и адаптивность) [1, 9, 15]. Вместе с тем, ограничения исследования связаны с фокусом на период 2015–2025 годов: факторы пандемии COVID-19 значительно ускорили наблюдаемые тенденции, однако долгосрочные эффекты за пределами этого интервала не прогнозировались. Это может ограничивать обобщение выводов и требует проведения дополнительных исследований для оценки устойчивости выявленных изменений в постпандемийный период [4, 8].

Рекомендации на основе результатов включают разработку этических кодексов применения ИИ, создание программ повышения квалификации педагогов, инвестиции в цифровую инфраструктуру регионов и стимулирование использования открытых ресурсов. Эти меры позволят преодолеть выявленные вызовы и полностью реализовать потенциал цифровизации образования [6, 7]. Таблица 2 иллюстрирует основные вызовы и пути их преодоления в развитии ЦОР [5, 6, 13].

Таблица 2. Основные вызовы и пути их преодоления в развитии ЦОР.

Вызов	Описание	Пути преодоления
Цифровое неравенство	Ограниченный доступ к технологиям для групп населения	Развитие инфраструктуры и открытых ресурсов для регионов
Этические проблемы ИИ	Предвзятость данных и плагиат	Внедрение кодексов и анализа реальных данных
Дефицит компетенций	Недостаток навыков у педагогов	Программы повышения квалификации
Инфраструктурные барьеры	Несовместимость технологий	Модернизация и интеграция гибридных моделей

Таким образом, цифровизация открывает широкие пути для инноваций в образовании, но требует комплексных мер – от разработки этических стандартов и повышения квалификации педагогов до инвестиций в инфраструктуру и междисциплинарного сотрудничества – для их эффективной реализации. Эти меры позволят преодолеть выявленные вызовы и подготовить прочную основу для устойчивого развития образования, соответствующего современным глобальным требованиям [2, 15].

#### Заключение.

Проведенное исследование позволяет сформулировать следующие выводы:

1. Цифровизация способствует значительному прогрессу в персонализации обучения, где рост использования ИИ достигает 15–23% ежегодно, а ООР – до 30% к 2025 году, подтверждая переход к гибридным и адаптивным моделям.

2. Интеграция технологий, таких как VR, NLP и форумы, усиливает вовлеченность обучающихся и формирование метанавыков (самообучение,

адаптивность и критическое мышление), создавая условия для устойчивых образовательных экосистем.

3. Динамика роста использования ИИ для персонализации и ООР показывает стабильное увеличение показателей после 2020 года, с ускорением под влиянием пандемии COVID-19, что подчеркивает их роль в преодолении барьеров доступности.

4. Выявленные вызовы – цифровое неравенство, этические проблемы ИИ, дефицит компетенций и инфраструктурные барьеры – требуют комплексного подхода для обеспечения справедливости и эффективности внедрения ЦОР.

5. Результаты подтверждают гипотезу о том, что развитие ЦОР на основе ИИ повысит эффективность и доступность образования, стимулируя междисциплинарные инновации (объединение педагогики, информатики и психологии) в направлении устойчивого развития.

Рекомендации включают разработку этических кодексов для применения ИИ, создание программ повышения квалификации педагогов, инвестиции в цифровую инфраструктуру регионов и стимулирование использования ООР. Эти меры позволят преодолеть выявленные вызовы и полностью реализовать потенциал цифровизации образования, обеспечив его устойчивость, доступность и соответствие современным требованиям.

### **Литература**

1 Байгузина Л.З. Трансформация образования в условиях развития цифровых технологий // Образование: традиции и инновации. – 2025. – № 2 (49). – С. 39-44.

2 OECD. Trends Shaping Education 2025. – Paris: OECD Publishing, 2025. – 101 p.

3 Trends and Topics in Educational Technology, 2022 Edition / R. Kimmons, J.M. Rosenberg, // TechTrends. – 2022. – Vol. 66. – № 2. – P. 134-140.

4 Тарамова М.С., Гаматаева С.Х., Цечоева А.М. Интеграция цифровых технологий в образовательный процесс: опыт и проблемы педагогов // Проблемы современного педагогического образования. – 2024. – № 85-2. – С. 339-342.

5 Гузова А.В., Савицкая Н.В., Круковская О.А., Дедова О.В. Потенциал цифровой среды для обучающихся с особыми образовательными потребностями // Цифровая гуманитаристика и технологии в образовании (ДНТЕ 2024): сборник статей V Международной научно-практической конференции (Москва, 14–15 ноября 2024 года). – Москва: Московский государственный психолого-педагогический университет, 2024. – С. 315–329.

6 Антипина Н.М., Гусева Т.А., Жигирева Е.Г., Сухов В.В. Цифровизация экономики в России: изменение вектора образовательных программ (2020–2025) // Экономика и бизнес: теория и практика. – 2025. – № 8 (126). – С. 17–23.

7 Букина Т.В. Искусственный интеллект в образовании: современное состояние и перспективы развития // Общество: социология, психология, педагогика. – 2025. – № 1 (129). – С. 76–83.

8 Магазиева З.А., Ахмадов А.У., Айгубов С.З. Влияние стратегии цифровизации в высшем образовании: технологии и новые возможности // Проблемы современного педагогического образования. – 2024. – № 85-2. – С. 228-230.

9 Скворчевский К.А., Дятлова О.В. Современные адаптивные и интеллектуальные цифровые системы обучения: механизмы и потенциал // Вопросы образования / Educational Studies Moscow. – 2024. – № 3 (2). – С. 299-337.

10 Иванченко Д.А. Цифровой аватар как медиатор образовательного процесса: возможности, ограничения и перспективы // Высшее образование в России. – 2025. – Т. 34. – № 11. – С. 31-53.

11 Джабиева М.Х., Ермаков Д.С. Персонализация и цифровизация – на пути к доступному и качественному образованию для всех // Учёные записки Забайкальского государственного университета. – 2025. – Т. 20. – № 1. – С. 53-61.

12 Deeply Digital: Educational Resources in Higher Education, 2025 / J.E. Seaman, J. Seaman // Bay View Analytics. – 2025. – 38 p.

13 Сизова Е.В. Концепты академической этики в условиях цифровой трансформации образования: влияние искусственного интеллекта // Научно-методический электронный журнал «Концепт». – 2025. – № 7. – С. 324-342.

14 Золотова Д.Р. Цифровые образовательные ресурсы: понятие и классификация // Личностное и профессиональное развитие будущего специалиста: материалы XVIII Международной научно-практической конференции (Тамбов, 30 мая 2022 года). – Тамбов: Издательский дом «Державинский», 2022. – С. 121-127.

15 Персонализированное образование в проекции профессионального будущего: методология, прогнозирование, реализация: монография / Э.Ф. Зеер, Д.П. Заводчиков, Е.В. Лебедева [и др.]. – Екатеринбург: Российский государственный профессионально-педагогический университет, 2021. – 120 с.

ҒТАМР 14.35.05

## **ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ СТУДЕНТТЕРІНІҢ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ФИТНЕС ЖАТТЫҒУЛАРЫ АРҚЫЛЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК, ТӘРТІП ЖӘНЕ КӨШБАСШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

**А.Д. Сейданова**

*Дене тәрбиесі секция оқытушысы, магистр, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда  
университеті, Қызылорда қ.*

**С.В. Головченко**

*Дене тәрбиесі секция аға оқытушысы, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда  
университеті, Қызылорда қ.*

Бұл мақалада жастарды салауатты өмір салтын ұстануға баулып, денелерінің шыныққаны мен денсаулықтарының мықты болуына көз жеткіздіру. Денсаулық – бұл кез келген адам өмірінің ең маңызды элементі. Өзге бөгде, денсаулыққа зиян келтіретін заттарды қолданудың кері әсерлері жайлы айту және жоғары оқу орны студенттерінің салауатты өмір салтын қалыптастырудағы фитнес сабақтарының рөлі қарастырылады. Дене шынықтыру сабақтары тек дене дайындығын арттыру құралы ғана емес, сонымен қатар студенттердің жауапкершілік, тәртіп және көшбасшылық қасиеттерін дамытуға ықпал ететін тиімді педагогикалық құрал ретінде сипатталады. Күнделікті сабақ жоспарына салауатты өмір салтын дамытуға бағытталған білімді, жаттығуларды енгізу маңыздылығы жайлы айту.

**Түйін сөздер:** салауатты өмір салты, спорт, дене шынықтыру жаттығулары, денсаулықты сақтау, фитнес, студенттер, жауапкершілік, тәртіп, көшбасшылық, дене тәрбиесі.

Бүгінгі таңда Қазақстанда күн тәртібінде тұрған әлеуметтік маңызы жоғары мәселелердің бірі – халық денсаулығы. Сапалы өмір сүру немесе өмір сүру сапасы адамзат тарихында ежелден бері өзектілігін жоғалтпаған, бүгінгі күні де маңызды болып қала беретін мәселе болып табылады. Денсаулық – адам бақыты мен өмір сапасының негізгі құрамдас бөлігі. Бұл ұғым тек аурудың немесе әлсіздіктің жоқтығын ғана емес, сонымен қатар адамның толыққанды физикалық, психикалық және әлеуметтік әл-ауқатын білдіреді. Денсаулық адамға күнделікті ойлаған жоспарларды, мақсаттарды, міндеттерді жүзеге асыруға көмектеседі. Адамның өз денсаулығына деген қамқорлығы оның өмірін

ұзартуға көмектеседі. Сонымен қатар, жүйелі дене шынықтыру ақыл-ойдың анықтығын арттырады, стрессті азайтады және оқудағы табыс үшін өте маңызды зейінді жақсартады.

Қазіргі қоғамда жоғары оқу орны студенттерінің денсаулығын сақтау және нығайту мәселесі өзекті болып отыр. Ақпараттық технологиялардың дамуы, қозғалыс белсенділігінің төмендеуі, стресс факторлары студент жастардың физикалық және психологиялық жағдайына кері әсерін тигізуде. Осыған байланысты салауатты өмір салтын қалыптастыру – жоғары білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі. Ең осал және сезімтал топ ретінде жас ұрпақ ерекшеленеді. Сондықтан өсіп келе жатқан ұрпақтың денсаулығын сақтау – қоғам мен мемлекеттік құрылымдардың стратегиялық басымдықтарының бірі болып табылады және оның әл-ауқатын қамтамасыз ету бүгінгі күннің өзекті міндеттерінің бірі болып табылады.

Қазіргі уақытта жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау үрдісі байқалуда. Студенттер дұрыс тамақтануға, жаттығуларға қатысуға, күн тәртібін сақтауға тырысады. Сондықтан осы мақаланың тақырыбы қазіргі уақытта өзекті болып табылады. Адамзат, соның ішінде студенттер де өз денсаулығын сақтау, нығайту және жақсарту мәселесін белсенді зерттейді. Салауатты өмір салтының компоненттері: зиянды әдеттердің болмауы, спортпен айналысу және дене белсенділігі, қалыпты күн тәртібі, қалыпты ұйқы, теңгерімді тамақтану. Аталған міндеттің орындалуына фитнес сабақтары дене тәрбиесінің заманауи және тартымды формасы ретінде студенттердің денсаулығын нығайтып қана қоймай, олардың жауапкершілік сезімін, тәртіптілігін және көшбасшылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

*Өзектілігі:* Жоғары оқу орны студенттерінің салауатты өмір салтын қалыптастыруда фитнес сабақтарының жауапкершілік, тәртіп және көшбасшылық қасиеттерді дамытудағы тиімділігін анықтау.

Сонымен қатар, СӨС басты компоненттерінің бірі қимыл-қозғалыс және дене белсенділігі болып табылады. Шыдамдылық, икемділік, үйлестіру, күш, жылдамдық сияқты қабілеттерін дамыту адам денсаулығын нығайтуға ықпал етеді. Барлық осы қабілеттер үшін үнемі және ынталы жаттығу қажет. Күн тәртібі және дұрыс ұйқы өз уақытын тиімді бөлуге көмектесіп қана қоймай, ұйқы кезінде адам бұлшық еттерінің белсенді өсуіне, физикалық және ақыл-ой жүктемелерінен демалуға ықпал етеді.

Салауатты өмір салтының негізін дұрыс тамақтану құрайды. Әрбір тамақ теңдестірілген болуы керек, яғни ақуыздар, майлар, көмірсулар және талшық. Қоректік элементтердің дұрыс арақатынасын сақтағанда организм қалыпты қалыптасады және жұмыс істейді. Студенттер – белгілі бір еңбек, тұрмыс, әлеуметтік мінез-құлқы мен ерекшеленетін ерекше әлеуметтік топ. Олардың СӨС қалыптастыру мәселесі көп. Кейбіреулер дұрыс тамақтануды, күн тәртібін, тұрақты физикалық жаттығуларды өз идеалы деп санайды, басқалары зиянды әдеттерді идеал табады. Салауатты өмір салты мен СӨС жүргізбеудің себептері, белгілі бір ұстанымды таңдауда студенттерге қандай факторлар әсер ететінін анықтау қажет. Ол үшін ЖОО-да СӨС насихаттау, зиянды әдеттерден бас тарту,

студенттердің дене, психологиялық және әлеуметтік денсаулығын анықтау бойынша фитнес жаттығулары арқылы профилактикалық жұмыстар жүргізіледі.

Осы сауалнаманы талдап, мен келесі нәтижелерге қол жеткіздім:

1) студенттердің көпшілігі қозғалмалы, бірақ белсенді емес өмір салтын жүргізеді, яғни белсенді спортпен айналыспайды.

2) сұралғандардың көбі өзінің тамақтануын бақылауға тырысады.

3) сұралғандардың басым бөлігі 4-6 сағаттан ұйықтайды, адамның қалыпты өмір сүруі үшін кемінде 8 сағат ұйықтауы керек.

4) студенттердің жартысынан астамы салауатты өмір салтын ұстанып, тұрақты жаттығу жасап тұру керек екенін түсінеді.

Осылайша, қазіргі жастар еңбек және демалыс режимін, ұтымды тамақтануды сақтамайды, спортпен белсенді айналыспайды деген қорытынды жасауға болады. Студенттер өз күн тәртібін қатаң сақтау, тәулігіне 8 сағаттан кем емес ұйықтау және дұрыс тамақтануға тырысу, жаяу көп жүру, спортзалда айналысу керек. Содан кейін студенттер шаршаумен әлсіздік пайда болмайды. Оқу адам өміріндегі маңызды аспект болып табылады, бірақ денсаулық бәрінен жоғары болуы керек. Студенттердің көп бөлігі СӨС деген, оның негіздері мен принциптерін біледі. Сауалнама нәтижесі бойынша студенттердің жартысынан астамы зиянды әдеттерге ие емес. Әрине, олардың студенттері салауатты өмір салтын ұстануға кедергі келтіретін негізгі фактор болып табылады, бұл олардың денсаулығына өте зиянды әсер етеді. Бұл әдеттерден құтылу керек. Студент жастардың көпшілігі денсаулықты физикалық әл-ауқаты деңгейінде қабылдайды және оны зиянды әдеттерден бастартуды, дұрыс тамақтануды және дене шынықтыру мен айналысуды сақтаудың негізгі шарты деп санайды. Алайда, оларды сақтауда басты құндылық ретінде денсаулыққа деген көзқарас әлі қалыптаспаған.

Дұрыс өмір салтының құрамдас бөліктерін нақтылап, оның терең философиялық және биологиялық негіздерін қарастыратын болсақ, шын мәнінде, «өмір салты» ұғымы адамның тек қимыл әрекеттерінен ғана емес, сонымен қатар, оның рухани, мәдени және әлеуметтік аспектілерінен тұрады. Салауатты өмір салтының философиялық және биологиялық негіздерін түсіну – бұл адам табиғатын және оның өмір сүру ерекшеліктерін кешенді түрде зерделеуге мүмкіндік береді. П.Ф. Каптеревтің «адам – ең үлкен зерттеу пәні», – деген пікірі осы мәселенің күрделілігін және маңыздылығын көрсетеді. Білім беру үдерісінде студенттердің салауатты өмір салтын қалыптастыру қоғамның маңызды міндеті болып табылады. Студенттерді өз денсаулығын нығайтуға, сақтауға, салауатты өмір салтын насихаттаумен және қолдау мен айналысуға ынталандыру қажет, бұл салауатты өмір салтын ұстанатын адамдар санының одан әрі ұлғаюына әкеледі. Білім беру процесін салауатты өмір салтын дамытуға бағытталған білімді, жаттығуларды енгізу қажет. Әрине, салауатты өмір салтын қалыптастыру процесінде салауатты өмір салты принциптеріне үйренетін білім беру ұйымдары маңызды рөл атқарады.

*Қорытынды.*

